Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 46 (1205)

22.11.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП

UTC +5 УАҚЫТ БЕЛДЕУІ КІМГЕ ЫҢҒАЙЛАНҒАН?

ҰЛАНҒАЙЫР ҚАЗАҚТЫҢ КҮНШЫҒЫСЫ МЕН КҮНБАТЫСЫНЫҢ АРАСЫ МЫҢДАҒАН ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАП, ОЛАРДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БОЙЛЫҚ АЙЫРМАСЫ УИКИПЕДИЯҒА СҮЙЕНСЕК 40 ГРАДУС ҚЫРЫҚ БЕС МИНУТ-ТЫ ҚҰРАҒАНДЫҚТАН ЖЕРГІЛІКТІ КҮН ҰЗАҚТЫҒЫНЫҢ БАТЫС ӨҢІРМЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ 2 САҒАТ 43 МИНУТ ДЕГЕН СӨЗ ЕКЕН. ІС ЖҮЗІНДЕ РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫ ТӨРТ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ УАҚЫТ БЕЛДЕУІНДЕ ОРНАЛАСҚАН: UTC +3, UTC +4, UTC +5, UTC +6.

Сурет ғаламтордан алынды

Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда облыстары UTC +5 белдеуде, ал қалған облыстар UTC +6 белдеуге жатқызылған болатын. Енді біз Үкіметтің құзыры бойынша бәріміз бірдей UTC +5 уақыт белдеуінде қалдық.

Ондағы мақсат «облыстарда жұмыстарды жеңілдету, еліміздің бірыңғай энергожүйе жұмысының тиянақтылығын қамтамасыз ету, телекатынас жүйелерінің ішкі және сыртқы көлік жүк тасымалының үйлесімділігі үшін жасалған» деп халыққа хабарланды. Үкімет келтірген себептердің бастысы – ол екі уақыт белдеуінің Көлік және логистика мәселесінде, банктерде, басқару саласында бақандай 2 сағат жоғалтатыны олардың қызметіне ыңғайсыздық тудыратындығы екен. Көлік қатынасында, поездар мен самолеттер қозғалысында сағаттар айырмашылығы шығынға әкеледі - дейді мәжіліс депутаты Еркін Әбіл. Ал осыдан кейін Үкімет өзіне ыңғайлап алған UTC +5 деп қалай айтпайсың? Ал біз – халық ше? Үкіметке ыңғайлы уақыт қоғамда наразылық тудырып жатқаны неге ескерілмейді?

Жаңа уақытқа көшуді зерттей бастау 2021 жылы басталыпты. Қазақстанның Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Қазақстанның UTC+5 Бірыңғай уақытына көшуі туралы пікірлер мен ұсыныстар жинай бастаған. Ал В. Фесенков атындағы Астрофизика Институтының мамандарынан келген ұсынысты генетика және физиология институты, сондай-ақ география және су қауіпсіздігі институты қолдаған.

2023 жылы ұсынысты Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп зерттеген. Сол жылғы ақпанда депутаттардың, орталық мемлекеттік органдардың, жұртшылық пен ғылыми ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылған. Сөйтіп ғалымдар мен сарапшылар UTC+5 Бірыңғай уақытын енгізу туралы ұсынысты қолдаған.

Алайда қоғамда бұл өзгеріс қолдау таппай, бірыңғай белдеуді жоюды өтініп, сотқа да шағымданғандар болды. Сот ондай өтінішті орындамады. Қазақстан белсенділері 50 мың адам қол қойған петициялар жариялана бастады. Деректер бойынша бүгінге дейін қоғам белсенділерінен төрт рет жаңа уақыт белдеуіне қарсы петиция тапсырылған. Петициялар мұнымен шектеліп жатқан жоқ. 23 қазандағы көрсеткіш бойынша әзірге 32 мың адам қол қойған петиция дайындалып жатқан көрінеді. Онда белсенділер Орталық, Шығыс Қазақстан мен Астана, Алматы мен Шымкент қалаларындағы уақытты 2 сағатқа алға жылжыту ұсынысын epetition.kz порталында жариялады – деп хабарлаған болатын KAZAKHSTAN TODAY.

Бірақ, уақыт белдеуіне байланысты туындап жатқан халық наразылығы Үкімет құлағына жетер емес. Үкімет уақыт белдеуін ауыстырғаннан гөрі «жаңа уақытқа бейімделіңдер, денсаулыққа мұның ешқандай зияны жоқ» деген үгіт-насихаттарын жүргізіп жатыр. Онда күннің ерте шығуы мен батуы әл-ауқат пен экономикаға көп әсер етпеуі керек екенін алға тарта отырып, электр энергиясын тұтыну уақыт белдеуі емес, халық саны мен экономикалық өсіммен байланысты деп дәлелдеуде...

Бірақ қалай десеңіз де жаңа уақыт белдеуі еліміздің шығысындағы өңірлер үшін тиімсіз болып отырғаны анық. Мұндай шешім ұзақ талқылаудан кейін қабылданғанын және жергілікті билік жұмыс пен мектептің басталу уақытын жаңа сағатқа бейімдеу керек екендігі айтылып жатыр. Мектептер демекші, уақыт белдеуінің жаңа уақытынан ең көп зардап шегіп отырған - мектеп оқушылары.

Еліміз бойынша мектеп оқушыларының саны 3 млн. 900 мың болса, солардың көбісі уақыт белдеуінен зардап шегіп отырған еліміздің шығыс өңірінің оқушылары деуге болады. Мысалы, екінші ауысымда оқитын балалар үйге 20-00 да, яғни, түн қараңғысында келеді. Үйіңіз аялдама түбінде болса жақсы. Ал болмаса ше? Көшелерінде автобус жүрмейтін ауылдарда ше?

Біздің Үкімет өзіне тиімді уақыт белдеуін таңдағанда мектеп оқушыларын ұмытып кеткен сыңайлы... Білім министріне «реттеңіз!» деген тапсырма бере салумен шектелді. Ал министр не істейді? Сабақ уақытын қысқарта ма, әлде каникул күндерін қысқарта ма? Олай етсе заңға томпақ келмей ме? Қалай десеңіз де, Үкіметтің жаңа уақыт белдеуіне елдің шығысындағы тұрғындардың көңілі толмай тұр. Бұл өңірге жазда «ақ түндер» мен қыста «полярлық түндер» келген сыңайлы. Жазда таңның сағат 3-те атып, қыста түннің кешкі сағат 16 - дан басталатынына наразылардың бірімін. Өйткені біздің Үкімет жаңа уақыт белдеуін тағы 3 жылға созбақшы «зерттейміз» деген желеумен. Не зерттеп, не ұтатыны белгісіз...

P.S. *19 қарашада Үкімет отырысында сөйлеген сауда және интеграция министрі уақыт белдеуінің енді ауыспайтынын және осы шешімді қабылдауға ғалымдары бар, басқасы бар 60 адам қатысқанын нығыздап айтты. Енді осыған көнесіңдер дегені деп түсіндік. Бәріне уақыт сыншы. .. Көнеміз және көреміз.*

Баян ТАҢАТАРОВА

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 5,6 ШАҚЫРЫМ ӨЗЕН ЖАҒАЛАУЛАРЫ НЫҒАЙТЫЛДЫ

Жетісу облысында су тасқынына қарсы іс шаралар белсенді жүргізілуде. Осы орайда биылғы қыркүйек айында Панфилов ауданы Бұрақожыр өзенінің жағалауын нығайтылса, тағы бір учаске - Текелі қаласындағы Қора және Қаратал өзендерінің жағалауларын нықтау жұмыстары қазір қарқынды жүріп жатыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Текелі қаласы – таулы аймақ. Сондықтан, төтенше жағдайлар саласы мамандарының айтуынша, Текелінің су тасқынына қатысты қауіптілігі жоғары саналады. Қаланың ішімен үш өзен - Қора, Шажа, Текелі ағып өтіп, үшеуінің түйіскен жерінен ары қарай Қаратал өзені жалғасады. Сондықтан мұндағы су тасқынының алдын алу жұмыстары «Жетісу облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспарына» енгізіліп, қазір жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Жалпы Жетісу облысында 2025 жылдың су тасқынына дайындық барысында 5,2 км су бұру арналары орнатылып, тазартылды, 400 метр қорғаныс бөгеттері салынып, жөнделді, 4,6 шақырым өзен арналары мен каналдарға механикалық тазарту жасалды, 5,6 шақырым өзендердің арналары тереңдетіліп, түзетіліп, жағалаулар нығайтылды. Сол сияқты 241 шақырым арық желісі, 215 шақырым каналдар және автожолдарда 2826 су өткізу құбырлары тазартылды. Су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайларға жедел ден қою мақсатында аудандар мен қалалар әкімдіктері инертті материалдар, жанармай қоры мен қаптар дайындады, 913 бірлік жеке құрам күштері мен құралдары, 235 бірлік техника, 108 мотопомпалар әзірлікке келтірілді.

Атап өтсек, келесі жылы облысты дамыту жоспарының аясында Панфилов ауданы Сүптай ауылында Тышқан өзенінің, Талдықорған қаласы Қаратал өзенінің жағалауларын нығайтылады.

НАУБАЙХАНА АШҚАН АРУ

Ескелді ауданына қарасты Ақын Сара ауылында тұратын Айқамал Хамит бүгінде кәсіп ашып, ауыл тұрғындарын нан түрімен қамтамасыз етіп отыр. Кәсібін ұршықша иірген ол алдымен «Бизнес-бастау» жобасы аясында оқу курсынан өтіп, біліктілігін шыңдаған.

Сөйтіп нәтижесінде «Хамит» жеке кәсіпкерлігін ашты. Алдымен 12 бас жылқы сатып алып, бағып-қағады, сосын қымыз өндіреді.

– Қазір ауыл шаруашылығымен айналысу тиімді бизнес. Халық табиғи өнім тұтынуға тырысады. Сол себепті оған сұраныс жоғары. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының көмегімен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы несие алдым, – дейді кәсіпкер ару.

Айқамал кейіннен мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару байқауында да жеңіске жеткен. Нәтижесінде наубайхана, шаштараз, «Қазпошта» АҚ пункті сияқты бірнеше нысан ашып, қызмет көрсетуде. Наубайханада күніне 250-ден 500-ге дейін нан шығарылады. Онда 3 адам жұмыс істейді.

– Наубайхана шағын болғанымен жұмыс көп. Өйткені іскер әйелдің өнімдеріне ауылдастары ерекше қызығады. Елді мекенде бизнесті дамыту ауыл тұрғындарын жұмысқа орналастыруға ықпал етуде. Кәсіпкердің табысты ісі ауданның ғана емес, сондай-ақ, облыстың дамуына да үлес қосады деп білеміз, – дейді өңірлік кәсіпкерлер палатасының салалық даму жөніндегі басқарушы директорының орынбасары Бекмұрат Мұсахан.

Қазіргі уақытта кәсіпкер Ескелді ауданының 4 елді мекенін нанмен қамтамасыз етеді. Шаштараз қызметіне Ақын Сара ауылының тұрғындары ғана емес, жақын маңдағы елді мекен жұртшылығынан да сұраныс жоғары.

УАҚЫТ БЕЛДЕУІНІҢ ӨЗГЕРГЕНІ БІЗ ҮШІН ТИІМСІЗ

2024 жылы 29 ақпаннан 1 наурызға ауысқан түні Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарлығымен республика көлемінде уақыт 1 сағатқа кейінге ауыстырылып, барлық облыстардың уақыты теңесті. Сол кезде біраз зиялы кауым карсы болды. Алайда ешкандай өзгерістер болған жоқ. Оның қызығын жаз айларында көре бастадық.

Түнгі сағат үш жарым - төрттерде далаға жарық түсіп, таң атып жатты. Ал қазір, міне, күз өтіп, қыс мезгілі келіп қалды. Кешкі сағат 16.30-17.00-лерде караңғы батып, түн болып кетеді.

Бүкіл Қазақстанда қаншама қалаларда, ауылды мекендерде мемлекет органдарында, зауыт-фабрикаларда, мектептер мен балабақшаларда, жоғарғы оқу орындарында, барлық жерде электр жарығын жағып, қолдана бастайды. Сонда бізде елімізде электр жарығы жетіспейді деп атом электростанциясын салайын деп жатыр. Ал біздің үнемдеуіміз кайда?

Естеріңізде болар, совет өкіметі кезінде «үнемдеу дегеніміз - үнемді болу» (экономика должна быть экономной)» деген лозунгтар әр мекемеде ілініп тұратын. Сонда үлкен адамнан кішкентай балаға дейін электр жарықты, суды, тағы да басқаларын үнемдеп жүретінбіз.

Сонымен қатар, электрожарықтың бағасы жылдан жылға өсіп жатыр.Ал біз болсақ қараңғы ерте түскендіктен жарықты ерте қосамыз, яғни ,күндізгі сағат 16-00 - дан бастаймыз.

Бұл дегеніңіз тағы да халықтың қалтасынан, мекемелердің, мектеп-балабакшалардың есебінен шығатын шығын. Сонда біз қарапайым халыктың емес, жеке электрокомпаниялардың және бізге жарық беретін Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан республикаларының электрокомпанияларының мүдделерін қорғаймызба? Бұл не деген үнемдеу сонда ?

Уақыт белдеуін осылайша ауыстыру бұл өз елімізге,өз халқымызға жасап отырған озбырлық емес пе?

Бұрынғы сағат уакытын кайтарып, барлық облыстардың уақытын теңестіру қажет емес.

Қазір халықтың әл - ауқатын жаксарту үшін экономикалық реформалар енгізіле басталды. Алайда ол ойдағыдай болмай отыр. Әлі де қарапайым халыктың жағдайы нашар. Суға, электрожарыққа, газ, бензин, азық-түліктер, көкеніске сауда-саттық бағасы өсуде, ал жалақы мен зейнетақы көлемі төмен денгейде. Мыңдаған отандастарымыз жоғары жалақы жаксы өмір іздеп шет елдерге кетуде. Сондай жағдайға уақыттың өзгертілуі де әсері болмай қалған жоқ – деп ойлаймын.

Талғат ЖАНБУЛАТОВ
Текелі қаласы

ТАЛДЫҚОРҒАНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» МУРАЛЫ САЛЫНДЫ

Фотосурет авторы: Олжас Құрмашев

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында «Таза Қазақстан» акциясы тақырыбында мурал пайда болды. Аталған экологиялық бағдарламаның аясында облыста сенбілік шараларымен қатар осындай насихат жұмыстары да жүргізіліп келеді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Талдықорған қаласында бүгінгі күні тұлғатану, туризм, экология т.б. тақырыптарда 14 мурал бар. Соның біреуі «Таза Қазақстан» акциясына арналып отыр. Бұл мурал қала әкімінің ұсынысына орай демеушілік көмек арқылы салынды. Қазір көпшілік жазба ақпаратты оқудан гөрі, көзбен қабылдауға бейім, сондықтан осы тақырыпты мурал арқылы насихаттағанды жөн деп таптық. Басты мақсат - тазалықты сақтау мәселесіне қала тұрғындарының назарын аударту, оған қоса «Таза Қазақстан» акциясының маңызын айшықтау, - дейді Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетов.

Мурал «Бірлік» шағын ауданында № 33 үйдің қабырғасына салынды. Жалпы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Жетісу облысында жалпы 1990 техника жұмылдырылып, 10 714 тонна қоқыс шығарылып, 2 445 км арық желісі тазаланды. Облыс аумағында акция кезінде 40,1 мың түп көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы Жетісу облысында белсенді түрде ұйымдастырылып, тұрғындар тарапынан зор қолдауға ие болды. Бүгінгі күннің өзінде жалпыұлттық тазалық шарасына облыс бойынша 226 мыңнан астам адам атсалысты.

- «Таза Қазақстан» аясындағы сенбіліктерге үнемі қатысамыз. Себебі қала өзіміздікі, ертең бізден кейінгі жас ұрпақ осы жерде өсіп-өнеді, сондықтан қаланың тазалығы барімізге ортақ міндет. Кішкентай балаларға да өзіміз үлгі болуымыз керек. Осы муралды көргенде сол жауапкершілікті үнемі есіме аламын», - қала тұрғыны дейді Нұржан Әлібаев.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФОРУМ

ҚАМБАМЫЗДЫҢ АСТЫҚҚА ТОЛУЫ – СОҢҒЫ 10 ЖЫЛДАҒЫ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ!

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗ УАҚЫТ ІШІНДЕ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ АСТЫҚТЫ ЕЛДІҢ БІРІНЕ АЙНАЛҒАНЫН, СОНДАЙ-АҚ БИДАЙ ЭКСПОРТТАЙТЫН 10 ІРІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАТАРЫНА КІРЕТІН ЕЛ ЕКЕНІМІЗДІ ЖӘНЕ ҰН ЭКСПОРТЫ БОЙЫНША КӨШ БАСЫНДАҒЫ ЕЛДІҢ БІРІ ЕКЕНДІГІН ЖӘНЕ БАСҚА ДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРДІ АТАП ӨТТІ.

Форумның тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуына тұспа-тұс келіп отырғанына тоқталған мемлекет басшысы ауыл шаруашылығындағы көптеген оң өзгерістерге тоқталды.

- Биыл түрлі қиындыққа қарамастан, қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын-терінде 26,7 миллион тонна дақыл жиналды. Бұл – соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шын мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін! Қазақта «Еңбегіне қарай – өнбегі» деген сөз бар. Мұны, ең алдымен, ауыл халқының ерен еңбегінің жемісі деуге болады. Мемлекет тарапынан да тиісті жұмыс жүргізілді, қажетті көмек берілді. Қазір елімізде жаңа экономикалық бағдар аясында нақты шаралар қолға алынып жатыр. Агроөнеркәсіп кешеніне жан-жақты қолдау көрсетілуде. Негізгі мақсатымыз – ауыл шаруашылығының дамуына серпін беру. Бүгінде жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексіндегі еліміздің көрсеткіштері жақсарып келеді. 2022 жылы осы рейтингте 32-ші орынға шықтық. Қазақстан ТМД елдері ішінде көш бастап тұр. Бірақ жайбарақат отыруға болмайды. Ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілетті озық сала болуы керек. Агроөнеркәсіп кешені экономикадағы басты қозғаушы күштің біріне айналуға тиіс. Бизнес те, мемлекет те осыған мүдделі. Бұл, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Ауылдағы ағайынның тұрмысы да осы салаға тікелей байланысты – деген мемлекет басшысы бұдан ары қарай агроөнеркәсіп кешендерін қаржыландыру мәселесіне тоқталды.

Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу қажет.

Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру ақсап тұрған саланың бірі еді. Биыл мемлекет бұл мәселені шешіп, бөлінетін қаржы көлемін айтарлықтай арттырды. Біз пайыздық мөлшерлемемен субсидиялау арқылы несиелеудің күрделі әрі көлеңкелі жүйесінен бас тарттық. Диқандар енді көктемгі егін егу және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлемемен тікелей жеңілдетілген несие алады. Мұндай несиелеу көлемі алғаш рет жарты триллион теңгеден асты (580 миллиард теңге, бұған дейін 180 милллиард теңге болған), алдағы уақытта бұл көрсеткіш бір жарым триллион теңгеге дейін жеткізіледі.

Дәнді дақылдар түсімі биыл гектарына 16 центнерді құрады. Бұл көпжылдық орташа көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары. Кейбір алқаптан гектарына 40 центнерден немесе одан да көп өнім жиналды. Бидай сапасы мен балауызының деңгейі (32 пайыз) жоғары. Бұған заманауи агротехнологияларды, жоғары сапалы тұқымды, тыңайтқыш пен пестицидтерді пайдалану, сондай-ақ ауылшаруашылық техникаларын жаңарту арқылы қол жеткіздік. Енді біздің алдымызда жиналған өнімді сақтау және оның бағасын құлдыратуға жол бермеу міндеті тұр. Үкіметке Азық-түлік корпорациясы арқылы шаруалардан астық сатып алуды тапсырамын. Бұл нарықтағы бағаны ұстап тұру үшін керек. Астықты өңірлердегі қоймаларды босату мақсатында Ауыл шаруашылығы және Көлік министрліктері бидайды басқа облыстарға тасымалдауды жедел қамтамасыз еткені жөн. Бұл істе облыс әкімдерінің үйлесімді жұмыс істегені маңызды. Көктемгі егіс пен күзгі жиын-терін жұмыстарын дер кезінде қаржыландыру – мол астық жинаудың кепілі. Жыл сайын төлемдерді кешіктіру салдарынан шаруалар егін егу барысында көп қиындықты бастан өткереді. Сондықтан менің тапсырмам бойынша көктемгі егіс жұмыстарына бөлінетін жеңілдетілген несие биылғы желтоқсан айынан бастап берілетін болады. Соның нәтижесінде диқандар жанар-жағармайды, қосалқы бөлшектерді, басқа да қажетті тауарлар мен қызметтерді уақытында сатып ала алады.

Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда аталған салаға жеке инвестициялар тарту керек екенін айтқан едім. Агроөнеркәсіп кешенін мемлекет тарапынан субсидиялауды біртіндеп қысқартып, оның орнына банктердің ауыл шаруашылығына жеңілдетілген несие беруін ынталандырған жөн. Отандық қаржы институттары агрокәсіпорындарға ұзақмерзімді әрі қолжетімді қаражат ұсынуға тиіс. Менің тапсырмам бойынша ауыл шаруашылығындағы статистиканы бұрмалау, жалған құжат толтыру, көзбояушылық фактілерін түп-тамырымен жою жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осының нәтижесінде біз саланың нақты жағдайын бағамдай аламыз, экономикалық шығынға соқтыратын тиімсіз шешім қабылдамаймыз. Үкімет субсидия берудің ашықтығын толық қамтамасыз етіп, саланы нарықтық әдіс-тәсілдер арқылы нығайтуды қолға алуы қажет. Бұл салада стратегиялық тұрғыдан сенімді әрі мұқият ойластырылған мемлекеттік реттеу тетіктеріне көшу маңызды.

Ауыл шаруашылығы ғылымын өркендету аса маңызды

Қазір жаһандық азық-түлік нарығында бәсеке күшейіп келеді. Оған төтеп беру үшін ғылымды дамытуға баса мән беру керек. Соның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыру – стратегиялық міндеттің бірі. Картоп пен қант қызылшасы бойынша отандық тұқымның үлесі 10 пайызға да жетпейді. Осындай мәселелерді шұғыл шешу қажет. Биыл дәнді дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту туралы кешенді жоспар қабылданды. Нақты міндеттер қойылды. Үкіметке диқандарды елімізде өндірілген тұқыммен қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл көрсеткішті 2028 жылы 80 пайызға жеткізу қажет.

Ал жоғары сапалы (яғни элиталық) тұқымның үлесі кемінде 15 пайыз болуы керек. Ол үшін шетелдің озық тәжірибесін зерттеген жөн. Мен жақында француз кәсіпкерлерін осы саладағы инвестициялық жобаларды бірге жүзеге асыруға шақырдым.

Сондай-ақ жуырда Моңғолияға мемлекеттік сапармен барғанымды білесіздер. Ол жақта да өте маңызды келіссөздер болды. Моңғолия басшысымен бірге көптеген мәселені талқыладық. Екі көшпенді халықтың ұрпағы ретінде жылқы туралы да айттық. Моңғол жылқылары аласа болғанымен, өте төзімді әрі ұзаққа шабады екен. Біз «Тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деп, арғымақты айрықша қадірлеген елміз. Тұтас тарихымыз тұлпардың тұяғымен жазылған. Жалпы қазақтың мінер көлігі де, ішер асы да жылқымен тығыз байланысты. Саумал мен қымыздың сан түрлі дертке шипа екені баршаға мәлім.

Қазір елімізде жылқы саны үздіксіз өсіп келеді. Бұл – жақсы үрдіс. Дегенмен асыл тұқымды жылқының үлесі бір пайызға да жетпейді, яғни 4,2 миллион жылқының 40 мыңы ғана асыл тұқымды. Сондықтан мал тұқымын асылдандыру жұмысына баса мән берген жөн.

Қазақстанда жылқының бірнеше түрі бар. Оның ішінде қазақпен бірге жасап келе жатқан жабының орны ерекше. Кейін оған Қостанай, Көшім және Мұғалжар тұқымдары қосылды. Әрқайсысының өз ерекшелігі бар.

Мен бұған дейін Адай жылқысы Маңғыстаудың баға жетпес қазынасы екенін айттым. Оны әлемге таныту үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырдым. Қазір Адай жылқысы ресми түрде бөлек тұқым ретінде тіркелді. Бұл арғымақтар Ұлы дала жорығында, басқа да аламан бәйгелерде топ жарып жүр. Қостанай жылқысы да мықты екені белгілі, алайда, жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр (небәрі 280 бас қалды). Сондықтан жылқының санымен қатар, сапасын арттыру – маңызды міндет. Биыл қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылдадық. Енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам жасаймыз. Мен Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құруды тапсырамын. Білікті мамандар мұны көптен бері айтып жүр. Құзырлы органдар қысқа мерзім ішінде осы мәселені пысықтап, қаржы көздерін нақтылауы керек.

Ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігі маңызды

Мен ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жылына 8-10 пайызға дейін жеткізу жөнінде міндет қойдым. Бұл мақсатқа 120 миллиард теңге бөлініп, отандық ауыл шаруашылығы техникаларын жылына 5 пайызбен жеңілдетілген лизингке беру бағдарламасы басталды. Қазақстанда 8 ірі бірлескен кәсіпорын, соның ішінде «Клаас» неміс концерні мен ресейлік «Ростсельмаш» компаниясы табысты жұмыс жасап жатыр. Биыл шамамен 160 миллиард теңгеге жуық қаржыға 4,5 мыңнан астам трактор мен астық жинайтын 815 комбайн (оның 107-сі «Клаас» компаниясына тиесілі) шығарылды. Үкімет еңбек өнімділігін арттыруға, импортталатын қосалқы бөлшектерді локализациялап, ұсақ бөлшектерден құрастырылатын өндірісті қолдауға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға баса мән беруі керек.

Ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін күшейту

Мұнда көлік-логистика мүмкіндіктерінің шектеулі болуы кедергі келтіреді. Мысалы, еліміздегі логистика мен сақтау жүйелерінің жеткілікті болмауынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер зор шығынға ұшырап отыр. Сондықтан сақтау инфрақұрылымын, соның ішінде элеваторлар, көкөніс және жеміс-жидек сақтау қоймаларын дамыту маңызды бағыт болуға тиіс. Сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салу мен жаңғыртудың кешенді жоспары қабылданды. Бұл жұмысты ұдайы бақылауда ұстау керек. Біз дәстүрлі өткізу нарықтарын сақтап қана қоймай, түрлі елдердің талаптарына бейімделген икемді жеткізу жүйесін құра отырып, экспортты әртараптандырғанымыз жөн. Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан, Қырғызстан және Ауғанстанға жоспарлы түрде астық тасымалдау жұмысы басталды. Иран нарығына кіруге рұқсат алып, 250 мың тонна арпа жөнелттік. Сондай-ақ Қытайға, Еуропа Одағы елдеріне және Солтүстік Африкаға астық жеткізіледі. Теңізбен тасымалдауды арттыру үшін Құрық портында жаңа астық терминалы іске қосылды. Жаңа нарықтардың азық-түлікке сұраныс көлемі ұлғайып келе жатқанын ескерсек, Солтүстік – Оңтүстік және Транскаспий бағыты сияқты халықаралық дәліздердің рөлі арта түседі. Қазақстанды Еуразияның негізгі көлік-логистикалық орталығы ретінде құру жөніндегі стратегиялық міндет – менің кейінгі жылдардағы халықаралық деңгейде жүргізіп жатқан келіссөздерімнің басты тақырыбына айналды. Бұл мәселеде аталған дәліздерге ыңғайлы жол табу және ішкі логистиканы жақсарту өте маңызды. Сондықтан алдағы алты жылда (2030 жылға дейін) біз теміржол желісін ауқымды түрде жаңғыртуды көздеп отырмыз. Он бір мың шақырым темір жолды жөндеп, бес мың шақырымнан астам жаңа темір жол салу жоспарлануда.

Қазірдің өзінде «Дарбаза – Мақтаарал», «Достық – Мойынты», «Бақты – Аягөз» және «Алматы қаласының айналма жолы» сияқты ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл Орталық Азия мен Қытай бағытындағы жүк тасымалының артуына жол ашады.

Автокөлік жолдарының желісін дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мәселен, жыл соңына дейін «Астана – Балқаш – Алматы», «Талдықорған – Өскемен», «Ақтөбе – Қандыағаш» және «Атырау – Астрахань» автомобиль жолдарының құрылысы аяқталады.

Биыл Қазақстанның экспортқа 12 миллион тонна астық шығаруға мүмкіндігі бар. Бұл – өте көп өнім және зор жауапкершілік. Диқандардың өнімін сыртқы нарыққа шығаруға жан-жақты қолдау көрсету – Үкіметтің басты міндеті. Экспорттық әлеуетімізді арттыра түсу үшін әлемдік нарықта сұранысқа ие бағалы дақылдарды көбірек өсіру қажет.

Сонымен бірге ішкі нарыққа өткізудің ұтымды жолдарын барынша пайдалану керек. Алматы, Астана, Шымкент қалаларымен іргелес аймақтардағы диқандардың мол мүмкіндігі бар. Осы орайда, Ақмола облысын үлгі ретінде айтуға болады. Бұл аймақ елорданың «азық-түлік белдеуі» деген атқа лайық екенін дәлелдеді. Биыл облыстың ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімі екі есе өскен. Бұл – өте жақсы нәтиже. Сондықтан, ауқымды ішкі нарығы бар қалалармен шектесетін басқа да аймақтар осы бағытта белсенді жұмыс істеуі керек. Қазақстанда сан түрлі азық-түлік өнімі шығарылады. Жұрт өз өнімдерімізді көбірек сатып алу үшін оны елге танытып, кеңінен насихаттау керек.

(Дереккөз Ақорда. Қысқартылып алынған нұсқа)

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САЛАДА МАМАН ТАПШЫ. ДӘРІ МЕН ҚЫЗМЕТ ҚЫМБАТ

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ АҚМАРАЛ ӘЛНАЗАРОВА ТАЛДЫҚОРҒАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСІП, ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ БІРНЕШЕ КӨКЕЙКЕСТІ СҰРАҚҚА ЖАУАП БЕРДІ.

Облыс тұрғындарының мұң-мұқтажынан хабардар болған Денсаулық сақтау министрі азаматтарды жеке қабылдауда мұқият тыңдап, түрлі бағыттағы мәселенің шешу жолын қарастыратынын айтты.

Бейсен Құранбек атындағы журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Ақмарал Әлназарова мен облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев журналистер тарапынан қойылған медицина саласындағы кадрлар тапшылығы, БАҚ өкілдерінің қызметтік сұрауларына жауап қатпауы, дәрі-дәрмек бағасының қымбаттауы және болашақ дәрігерлердің білімін бақылау сияқты сұрақтарға жауап берді.

Денсаулық сақтау министрінің айтуынша маман тапшылығы Жетісу облысының шалғай аудан, ауылдарында ғана емес, республика өңірлерінің біршама аймағына жетіспейді.

– *Денсаулық саласындағы күрделі мәселенің бірі кадр тапшылығы екені рас. Соңғы 3 жылдық көрсеткіш барысында дәрігер тапшылығы 7 мыңнан 4 мыңға дейін төмендеген. Бұл пайыздық мөлшерлемемен алғанда 21 %-ды құрайды. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жас мамандарды әлеуметтік қолдау үшін жаңа заңға қол қойылып, ауылдық жерде қызмет ететін дәрігерлерге қосымша көмек беру жұмыстары атқарылуда,* - деп тоқталды министр.

Ағымдағы жылдың 19 сәуірінде қабылданған бұл заң аясында облыстық бюджеттен 170 млн. теңге қаражат бөлініпті. Облыста бүгінге дейін 27 дәрігер аталған көмекке жүгінген. Заң бойынша көмек алған дәрігерлер міндетті түрде 5 жыл көлемінде жұмыс атқаруы тиіс. Сонымен қатар, министрдің айтуынша кадрлар тапшылығын төмендету мақсатында мемлекеттік білім беру жүйесінде оқуын тәмамдаған жас мамандарды жолдама арқылы жұмысқа орналастыру мәселесі қатаңдалып, мемлекет тарапынан бөлінетін грант санын арттыру көзделген.

Министрдің халықпен кездесуі барысында Жетісу тұрғындары медициналық көмектің сапасы, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, ем алу мүмкіндігі, қалалық медициналық ұйымдарды білімді, өз ісінің шебері болған кадрлармен қамтамасыз ету туралы түрлі сұрақ қойды. Зейнеткерлердің айтуынша қала мамандары адам денсаулығына бей-жай қарайды. Осының салдарынан пышақ астына қайта жатуға мәжбүр болғанын, ауырсынудан мезі болғанын айтқан олар медициналық жұмысқа тұрмас бұрын жас дәрігерлер мен студенттердің сапалы біліміне, емтихан нәтижесіне аса назар аударуды сұрады.

Сұрақтардың тағы бірі қаралып жатқан жаңа Салық кодексінің өзгерістері жайлы болды. Заңға өзгертулер енген жағдайда Қосылған құн салығын (ҚҚС) дәрі-дәрмек өндіретін кәсіпкерлер де төлейді деген қауесеттің шынайы, әлде жалған екенін министрдің өзінен сұрауды жөн көрдік. Егер бұл ақпарат шындыққа жанасатын болса дәрі мен ақылы медициналық қызметтердің тағы қымбаттайтыны барлығына мәлім. Бұл туралы Ақмарал Шәріпбайқызы: *«Аталған Заң күшіне енбеді, қарастырылу үстінде. Қосылған құн салығын (ҚҚС) дәрі-дәрмек өндіру орындары да төлейді деген шешім қабылданып жатса, дәрі мен медициналық көмек бағасын тұрақты түрде сақтауды көздейміз»,* - деп мәлімдеді.

Денсаулық сақтау министрлігінің басшысы БАҚ өкілдерінің барлық сұрақтарына толық жауап берді. А. Әлназарова өңір тұрғындарының әрбір өтінішіне толық түсініктеме беріп, бірқатар мәселелерді жеке бақылауға алып, ведомствоның бейінді департаменттеріне шешімдерді пысықтауды тапсырды.

ЖЕТІСУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН КӨПІРЛЕРІ МИНИСТРДІҢ БАҚЫЛАУЫНДА

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ҚР КӨЛІК МИНИСТРІ МАРАТ ҚАРАБАЕВ КЕЛДІ. ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАҒАН МИНИСТР ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨКЕЙІНДЕГІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІП, САЛАҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖІТІ ҚАРАЙТЫНЫН ЖЕТКІЗДІ.

Бірден сұрақ-жауап форматында өткен кездесуде ведомство басшысы министрліктің құзыретіне кіретін және осы өңірге қатысты сұрақтарға барынша ашық жауап берді. Шараны облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов жүргізді. Кездесу барысында өңірдің көлік инфрақұрылымының өзекті мәселелері талқыланып, оларды шешу жұмыстары белгіленді.

Шараның басында министр Марат Қарабаев 2023 жылдың наурыз айында өткен кездесуде халық көтерген мәселелердің шешімін айтты. Атап айтқанда, Сарыөзек-Көктал жолының 45-68 км учаскесінде күрделі жөндеу, ал 68-113 км учаскесінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. «ALACEM» цемент зауытына айналма жолда әзірге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жолдың бүлінуіне жол бермеу үшін осы Кербұлақ ауданында екі жерде зауытқа және одан шығатын ауыр жүк машиналарында артық салмақты бекіту үшін автоматтандырылған өлшеу құралдарын (АСИ) орнатуды жоспарлап, жұмыс атқарылып жатқанын да тілге тиек етті.

Шынымен де облыстың аудандары мен ауылдарының жолы жүк көліктерінің шектен тыс ауыр заттарды тасымалдауынан орнынан қозғалып кетеді. Министр осы мақсатта жоғарыда аталған жүк машиналарында артық салмақты бекіту үшін автоматтандырылған өлшеу құралдарын (АСИ) қойып қана шектелмей, жүк көліктерінің жүруіне тыйым салынған жерлерге арнайы камера да орнатылатынымен бөлісті.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың соңына дейін Талдықорған-Қалбатау-Өскемен (762 км) автомагистралінің құрылысы толығымен аяқталады деп жоспарланған. Алматы-Өскемен-Лепсі-Ақтоғай автожолын қайта жаңарту жұмыстары да жалғасуда. Бұл жұмыстар үшін республикадан қажетті қаражат толығымен бөлінген. Аталған жұмыстарға қосымша тағы 15 млрд. теңге жұмсалды. Оған облыс әкімдігі 5 млрд. теңге бөлді, ал келесі жылы тағы 10 млрд. теңге қарастырылып, жоба аяқталады.

Сондай-ақ, 15 апатты көпірдің 5-іне әкімдік өз есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізді. Ал қалған көпір жұмыстарына ЖСҚ дайын, республика алдағы жұмыстарға 500 млрд. теңге қаражат бөлмек.

Бір сөзбен айтқанда, министр атап өткендей, 1,5 жылдың ішінде өңірден келіп түскен барлық мәселелер шешілді. Кейін екі жақты сұрақ-жауап өтті. Онда облыс тұрғындары Еңбекшіқазақ ауылы мен Көксу ауданының Айнабұлақ станциясындағы темір жол өткелдерін ашу, Қаратал ауданындағы Балқаш көліне, Бұрхан бұлақ сарқырамасына және Қабанбай-Көктұма учаскесіне апарар жолдарды жөндеу, Лепсі теміржол вокзалын жаңарту мүмкіндіктеріне қатысты біраз мәселені айтып, ой-пікір алмасты. «Қорғас-Шығыс қақпасы» автожолын ҚазАвтоЖол балансына беру, қыста жолды тазалау үшін Алматы-Өскемен тас жолына қосымша арнайы техника бөлу және т. б. жағдайлар да талқыланды.

Жетісу облысындағы атап айтар жаңалықтың тағы бірі Үшарал қаласында орналасқан әуежайда жаңа терминал салыну қолға алынған. Бұл туралы Көлік министрі Марат Қарабаев:

– *Құрылыстың екі нұсқасы қарастырылуда: біріншісі - ғимараттарды келу және кету аймақтарына бөле отырып, қолданыстағы терминалдың жанынан шағын терминал салу. Екіншісі – бірден үлкен терминал салу. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы орган жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін талдап, әзірлеуде. Маған екінші нұсқа ұнап тұрғанымен, бұл жұмыс ұзақ уақытты талап етеді. 2 жылға жуық құрылыс жұмыстары мен құжат жасау қажет. Ал бірінші жағдай бойынша шағын терминал орнатар болсақ келесі 2025 жылы жұмыстары аяқталып, қолданысқа беріледі,* - дейді.

Кездесу соңында Марат Қарабаев Жетісу облысына жұмыс сапарымен келген 18-ші өңір екенін атап өтіп, жиналғандарға нақты және өз бағытында қойылған сұрақтар үшін алғысын білдіріп, барлық тоғыз негізгі мәселе әзірленіп, бақылауға алынғанын атап өтті. Жиын аяқталғаннан кейін министрдің жеке қабылдауына 6 тұрғын жазылды.

Бетті дайындаған: Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ АЗАМАТЫМЕН ТАНЫЛАДЫ

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ КӘЛПЕ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ОРЫНБЕК САҒЫМБАЕВ ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ЖЕТСЕ ДЕ ТЫНЫМСЫЗ ТІРШІЛІК ТӨҢІРЕГІНДЕ ЖҮРГЕНДІ ҰНАТАДЫ. МАМАНДЫҒЫ МЕН ЗЕЙНЕТКЕ ДЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТІ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БОЛҒАН СОҢ БА, ӘЛДЕ ӨЗІ ТАБИҒАТЫНАН СОНДАЙ МА, ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ТАЛ-ТЕРЕК ЕГУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ.

Ауылда туып, ауылда өскен Орынбек алғашқы мамандығын Көксу ауылшаруашылығы техникумында алды. Одан кейін екі жыл жауынгерлік міндетін өтеп шыңдалды. Туған ауылында инженер-механик болып еңбек етті. Білімін жетілдіру үшін Ауылшаруашылығы институтын «орман ісі» мамандығы бойынша сырттай оқып, Үштөбе орман шаруашылығы мекемесінде, одан кейін облыстық ауылшаруашылық басқармасында коммерциялық бөлім бастығы болып қызмет атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ кәсіпкерлікті меңгеріп, шаруа қожалығының иесі болды.

2021 жылы Кәлпе ауылының кіреберісіндегі жол жиегіне өз қаражатына аллея жасап, көкжелек отырғызды. Жолдың бойындағы 2 гектар жерді Орынбек Сағымбаев аллеяға айналдырды. Игілікті іске аудандық әкімдік те көмектесіп, оған шырша көшеттерін алып берді.

Кәлпе ауылына баратын күре жолдың бойын көгалдандыруды қолға алған Орынбек бұл шаруаға кіріспес бұрын, өзінің айтуынша, ол алдымен жоспар жасап алды. Артынан соған сәйкес жерді жыртқызып, шөптерден тазартып, ағаш көшеттерін егуге дайындады. Алдымен теректердің көшетін екті. Баптап өсірген теректері жайқалып өсіп кетті.

Аллеядағы ағаштар мен шыршаларды суғаратын шығыр құрылғыны Орынбек өзі жасап іске қосты. Оның айтуынша шығыр минутына 360 литр су шығарып бере алады. Кәлпенің орналасқан жері сазды әрі құмдауыт болғандықтан - бұл жерден су шығара алмайсың, жері, топырағы сортаң, тұзды - деп болжаған су мамандарының болжамын Орынбек осылайша теріске шығарды. Жол бойындағы аллеядан басқа Сағымбаевтар отбасының үй жанында жайқалып тұрған жеміс ағаштары бар. Бақша мен аллеяны суғару жұмыстары Орынбектің мойнында болса, гүл егіп, төңіректі әсемдікке бөлеу келіншегі Ғалияның міндетіне жатады. Өздерінің үй төңірегі ғана емес, енді Сағымбаевтар ауылды да абаттандыруға, көгалдандыруға көмектесеміз деп отыр.

Баян ТАҢАТАРОВА

ЗАҢ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫ ДЕГЕН КІМ?

Сот орындаушы – сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ететін уәкілетті тұлға. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындаушылардың екі санаты бар – мемлекеттік, әділет құрылымында жұмыс істейтін және лицензия бойынша қызмет көрсететін жеке тұлғалар.

Қарапайым сөзбен айтқанда, бұл даудың барлық тараптары өз міндеттерін орындап, заң талаптарын сақтауы үшін сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ететін маман.

Сот орындаушысы азаматтық және әкімшілік істер бойынша қаулылар, сондай-ақ мүліктік жазаға қатысты бөліктерде қылмыстық іс жүргізудегі үкімдер мен қаулылар негізінде шығарылған атқарушылық құжаттармен ғана жұмыс істейді.

Заң бойынша мемлекеттік және жеке орындаушыларға тең құқықтар мен міндеттер берілген, яғни олардың атқаратын қызметтері бірдей. Бірақ жұмыстарында аздаған айырмашылық бар.

Мемлекеттен өндіріп алу көзделген істерді мемлекеттік орындаушы қарайды, ал борышкер мемлекеттік орган болып табылады. Сондай-ақ мемлекет пайдасына 3 180 000 теңге баламасын құрайтын 1000 АЕК-тен (айлық есептік көрсеткіш) астам өндіріп алу істері оның құзыретіне жатады.

Барлық басқа санаттағы дауларды жеке мамандар шешеді.

Орындаушы қандай шаралар қолдана алады?

Басты міндет – берешекті өндіріп алу, оның ішінде өсімпұлды, атқарушылық іс жүргізу шығындарын, жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу. Атқарушылық іс жүргізу кезінде борышкерге мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- мүлікті алып қою;
- шоттарды блоктау;
- жалақы мен табыстан шегерім;
- елден шығуға тыйым салу;
- қарызды өтеу үшін сату үшін мүлікті алып қою

Жеке орындаушыны қайдан табуға болады?

Сот орындаушысын табу үшін атқарушы органдардың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалану қажет. Сондай-ақ, жеке сот орындаушылардың тізімі kredit-zakryt.kz сайтында орналастырылған. Мұнда еліміздің барлық өңірлерінде жұмыс істейтін лицензиясы бар мамандар бар.

Дидар ТУКАНОВ,
Жетісу облысының
жеке сот орындаушысы.

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШКЕН ЖӨН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзінде: «Біліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек» деп атап өткен еді.

Демек, сөзбұйдалыққа салынбай нақты іске көшетін кез әлдеқайда келгенін естен шығармағанымыз абзал. Өйткені, мемлекет тарапынан қазақ тілінің мәртебесін барынша арттыру, оның қолдану аясын кеңейту туралы мәселесіне үзбей қамқорлық жасалып келеді. Ендеше қолбайлау болып отырған кішігірім кемшіліктерді жою арқылы тіліміздің қолданыс қажеттілігін арттыра түсуге мүмкіндік туғызуға болатынына күмән жоқ.

Бұл маңызды мәселелені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Мәселен, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Мен бұл тұста мемлекеттік тілде қаралатын сот процестерінің үлес салмағын арттыру жайын назарға алып отырмын. Күнделікті жұмысымызда кездесіп келе жатқан кемшіліктер қатты қынжылтады. Мәселен, әкімшілік құқық бұзушылық жөнінде хаттама толтырғанда учаскелік инспекторлар кей кезде өздеріне жеңілдік іздеп, қазақ азаматтарының өзіне хаттаманы және де басқа тиісті құжаттарды орыс тілінде ресімдеп, соңынан қолын қойдыра салатыны құпия емес. Ал, ол іс сотқа түскенде хаттама қай тілде толтырылса сол тілде өтеді. Бұдан да сорақысы, осындай іс бойынша аудармашы тартуға мәжбүр болып, әбігерге түсіп жататынымыз тағы бар.

Дәурен БЕЛГІБАЕВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.

ДӘНІККЕННЕН ҚҰНЫҚҚАН ЖАМАН...

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Сайып келгенде сыбайлас жемқорлыққа қатысты өтіп жататын сот процестерінің барысынан кейбір жағдайларда тиісті мекемелерге жүгініп барғанда, өз міндетін мінсіз атқара отырып, мәселесін созбалаңға салмай шешім берген қызметкерлерге риза болған қарапайым азаматтар жаңағы қызметкерге алғысымен қоса «рахметін» де қоса берген жағдайлар орын алғаны да анықталып жатады. «Алтын көрсе періште де жолдан таяды» дегендей егер өздері әкеліп тықпалап тұрса неге алмасқа. Осылайша, бірте бірте дәніккен лауазымды тұлға кейіннен құнығып кетіп, параны өзі талап ететіндей дәрежеге жетеді. Сондықтан бұл әлеуметтік кеселмен күрес жолында әркім өзі тарапынан келеңсіз көрініске жол бермеуге атсалысуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті нәтижелі жүргізу жолында көпшіліктің көмегіне арқа сүйеу қажеттігі жайлы Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев ұдайы айтып келеді. Мәселен, "Айқын" және "Егемен Қазақстан" газеттеріне берген сұхбатында Президент: "Бүгінде жемқорлық қоғамдық өмірдің көптеген тұстарын жайлағаны жасырын емес. Иә, Үкімет өз тарапынан заң аясында күресіп жатыр. Бұл аздық етеді. Егер әлемдік тәжірибеге сүйенсек, жемқорлықты жеңу үшін тек қатаң жаза ғана емес, жан-жақты кешенді іс-әрекеттер қажет. Жемқорлықпен күрес ымырасыз жүруі тиіс және бұл тек Үкіметтің ғана емес, әрбір адамның міндетіне, керек десеңіз парызына айналуы тиіс…» деп атап көрсеткен болатын.

Ендеше, әркім сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жолында өз үлестерін қосу үшін шама-шарқы келгенше әрекет етіп, мұндай келеңсіз көрініске төзбеушілік танытып, жолын кесуге әрекет етсе нұр үстіне нұр болар.

Зәуре ҚАЗЫБАЕВА,
Жетісу облысы МАЭС әкімшісінің басшысы.

Дүйсенбі - Понедельник, 25 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 04.05 «Інжу-маржан»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х «Қол созған үміт»
12.10, 04.15 Тату-тәтті
14.10 «Апта»
15.00 Т/х«Замандастар»
17.10 «Қызық екен»
20.30 «Ашық алаң»
21.25 т/х «Көршінің қызы»
22.15 Т/х «Сабаз бен сұлу»
23.15 «1001 түн»
00.50Аашық алаң
01.35 сана
02.35 Тату-тәтті
05.55 «Ауылдастар»

ХАБАР

05:00 «Кім мықты»
07.00 «Оян!»
10.00 сериал «Мама»
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 Т/х «Несібелі несие»
15.00 т/х Мәдениет үйі
15:30 Тамаша
16.00, 22.30 сериал
18.00 «President»
18.30 Новости
19.00 Әлеумет
19.30 Жаңалықтар
20.00 Т/х «Өмір ғажап »
21.00 Т/х «Әйел бақыты»

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
06.50 м/с Маша и медведь
09.00, 21.00 Алпарслан -2 түрік т/х
10.20, 00.20 сериал «Громовы»
12.30 «Өгей жүрек»
13.30 «Қалқан»
14.15 Сериал «Ангел хранитель»
15.00 Сериал
16.00 Сериал «Я все смогу»
18.20 Осман
19.20 Сериал «Бумеранг»
20.00 Астанатаймс
21.55 үнді т/х Адасқан сезім
23.25 Т/х«Осман»
02.20 т/х «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстани
09.00 «Доброе утро. Казахстані»
10.05 Модный приговор
11.00 Давай поженимся
11.55 сериал
13.05 Сериал «Лицемеры»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike
18.30, 03.55 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz»
20.00 « Гавные новости»
20.35 сериал
01.00 ночной кинотеатр
02.00 новости
02.15 «Жаңалықтар»
02.30 т/х «Картер»
04.25 Ұшқалақ

КТК

07.05 «Кел шырқайық!»
08.05 «Намыс»
09.20 мелодрама
13.50, 02.10 Райское место
18.20Раушан менСаша
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.10 Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 мелодрама.
23.50 «Шеф-6», остросюжетный детектив
04.10 Астарлы ақиқат
04.55 Кешкі жаналықтар (қайталау)
05.20 «Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Ел іші - өнер кеніші»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Біздің өңір»
11.00 «Шіркін-ай»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Шашу»
13.30 «Туынды тарихы»
14.00 «Өзеюжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Ұры бала»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Таза мекен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.40 Ризамын
07.10 Time Vine
07.30 Tik Tok show
08.00 «Қызыл шербет»Т/хсы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 Т/х «Әке сіз....»
11.10 , 00.40«Келіндер бәйгесі»
12.20 мультсериал
15.50 Кино
17.50 Кино.
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
23.00 Телесериал «Клюквенный щербет»
00.10 келіндер бәйгесі
01.10 31 әзіл
01.40 Тайм вайн
02.30 Tiktok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.30 «Сөздің қысқасы. Ардақ Қасымханмен»
07.30, 18.00 Т/х «Абысын-дар-2»
09.00 Эртугрыл
09.30 «Жарқыраған жұлдыз»
10.00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
10.30 Сериал «Давай найдем друг друга»
12.30 Сериал
13.25 сериал «Пока Станица спит»
15.00, 21.00 Сезім үшін
16.00 кухня великолепного века
16.30 Т/х «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 Байтақ жерім
22.00 Бригада
00.00 Т/х
01.00 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлымен».
02.10 Т/х
03.00 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.30 Қуырдақ
05.52 Үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 26 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.35 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00. 20.00, 00.15 АҚПАРАТ
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 Т/х «Қол созған үміт»
12.10 Тату-тәтті
14.10 «Ақорда»
14.25, 03.45 Әлем және біз
15.00, 21.25 Т/х «Көршінің қызы...».
16.00 Т/х «Замандастар».
17.10 «Қызық екен».
20.30 «Ашық алаң».
22.15 Т/х
23.15 «1001 түн»
00.35 Футбол
03.20 «Ашық алаң».
04.15 «Тату-татті». реалити-шоу
05.40 Ауылдастар

ХАБАР

05.00 «Кім мықты»
07.00 «Оян»
10.00 Сериал «Мама»
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 Т/х
15.00 мәдениет үйі
15.30 Тамаша
16.00, 22.30 сериал
18.00 Народный контроль
18.30 Новости
19.00 Ток-шоу «Итоги»
19.30 Жаңалықтар
20.00 Т/х «өмір ғажап»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым» Т/х
06.50 Мультсериал «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Алпарслан-2»
10.20, 00.20 сериал
12.30 «Өгей жүрек»
13.03, 23.50 «Қалқан» Т/хсы
14.15 сериал
15.00 Сериал «На твоей стороне-2»
16.00 «Я все смогу»
18.20, 23.25 «Осман» сериал
19.20 «Бумеранг» сериал
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім» т/х
23.25 Осман
02.20 «Тақ тартысы» Т/хсы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал
13.05 Сериал
14.00.02.00 «Новости»
14.15.02.15 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 04.05 «Басты жаңалықтар»
19.00, 02.30 Koremiz
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал
01.00 Ночной кинотеатр
02.30 «Картер»

КТК

07.05 Кешкі жаңалыктар
07.30, 05.20 «Намыс»
09.00 Вечерние новости (повтор)
09400 «Было дело»
10.40 Шеф-6
12.40 Мелодрама
13.50 Райское место
18.20 «Апатпен бетпе-бет»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 мелодрама.
23.50 Шеф-6
02.10 Мелодрама «Райское место»
04.10 Астарлы ақиқат (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
14.00 «Таза мекен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Жүргізуші»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Сіз не істедіңіз?»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус, каз.)
08.00 «Қызыл шербет»Т/хсы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз...»Т/хсы
11.10 «Келіндер байгесі»
12.20 м\с
12.50 кино
15.50 Кино
17.50 Кино
20.00 Инфрмбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
23.10 Т/с «Клюквенный щербет»
00.20 «Келіндер бәйгесі»
01.20 «31 әзіл»
02.30 Time Vine
02.50 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.15 Т/х
06.30 «Что это было»
07.00, 18.00 Т/х «Абысын-дар-2»
09.00 Эртугрул
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал
12.00, 22.00 сериал
14.10 Т/с «Пока Станица спит»
16.00 Т/х «Ғаламатғасыр. Хюррем»
17.00 Байтақ жерім
00.00 Шаттық тұрағы
01.00 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
02.10 Келесі кім?
03.00 «Жеңілкөр». Бағдарлама
04.00 «Япырай»
04.50 Айналайын
05.42 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 27 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 04.55 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.30 Ақпарат
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 Т/х
12.10, 03.50 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.10 Қос палата
14.35, 05.25 Ақ сауыт
15.00, 21.25 Т/х «Көршінің қызы»
16.00 Т/х «Қара шаңырақ».
17.10 «Қызық екен».
20.30, 03.00 «Ашық алаң». Қоғамдык- саяси ток-шоу.
22.15 Т/х
23.15 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
00.20 футзал
03.05 Ашық алаң
05.4 Ауылдастар

ХАБАР

05:00 «Кім мықты»
07.00 Оян!
10:00 Сериал «Мама»
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 «Несібелі несие»
15.00 Т/х «Мәдениет үйі»
15.30 Тамаша
16.00, 22.30 Сериал
18.00 «Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 «Талқы» ток-шоу
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Өмір ғажап »

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 00.25 сериал
12.30 «Өгей жүрек» т/х
13.30 «Қалқан»
14.15 сериал
15.00 сериал На твоей стороне-2
16.00 «Я все помню»
18.20,23.25 «Осман»
19.20 «Бумеранг»
20.00 Астанатаймс
21.55 Адасқан сезім
23.25 осман
02.20 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 Сериал
14.00, 02.00 «Новости»
14.15.02.15 «Жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 03.55 «Басты жаңалықтар»
19.00 Koremiz
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал
01.00 Ночной кинотеатр
02.30 Картер

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Намыс т/х
09.00 Вечерние новости
09.40 «Было дело»
10.40, 23.50 «Шеф-6»
12.40 мелодрама
13.50, 02.10 Райское место
18.20 Раушан мен Саша
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.10 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама
23.50 Шеф-6

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Дала сыры»
14.30 «Сіз не істедіңіз?»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.50 «Жемқорлық»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Қызыл шербет» Т/хсы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз...» Т/хсы
11.10, 00.10 «Келіндер байгесі»
12.20 м\с
13.00 кино
15.10 кино
17.50 Кино
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 Кино
23.10 Телесериал «Клюк венный щербет»
01.10 «31әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 әзіл
04.30 балабатл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 Жетінші студия
07.00, 18.00 Т/х «Абысын-дар-2»
09.00 Эртугурул
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал
12.00, 22.00 сериал
14.10 сериал «Пока Станица спит»
14.00, 21.00 сезім үшін
16.00 Т/х «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
17.00 Байтақ жерім
00.00 Т/х
01.00 Late night show with Динара Сатжан
02.10 Келесі кім
03.00 «Жеңіл кер».
04.00 «Япырай»
04.50 «Қуырдақ»
05.52 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫ

ЖАЛАЙЫР ТАРИХЫНЫҢ СЫРЫ

Жалғасы. Басы өткен сандарда

Түркі тілдес тайпалардың аттары моңғолдар билігіне түскен соң өзгере түсті. И.Н.Березин Жалайыр тайпасының қазіргі Моңғолияда Джедайд деп аталып кеткенін зерттеушілер еңбектеріне талдау жасай отырып атап көрсетеді. Моңғолдар ықпалымен түркітілдес тайпалардың атауларының өзгеріске түсуінің айқын көрінісі ежелгі Жалайырларды құраған 10 рулар аттарының басым көпшілігінің моңғолдың көптік санымен көрсетілуі. Мұны алғашқылардың бірі болып байқаған Н.И.Березин Рашид ад-Диннің моңғолша жазуға бейімдігін атап көрсеткен еді. Жалайыр рулары аттарының моңғолша берілуі Н.И.Березинді Рашид ад-дин мәліметтеріне күдікпен қарауға мәжбүр етті. Оның ойынша Жалайырлардың осы руларының басқа зерттеушілер еңбегінде кездеспеулері Рашид ад-Дин еңбектерінде олардың атаулары дұрыс оқылған деп сеніммен айтуға мүмкіндік бере қоймайды. Осының дәлелі ретінде Н.И.Березин ежелгі Жалайырларды құраған рулар атауларын басқа тілде оқу олардың мән-мағыналарын басқаша түсінуге жол ашатынына назар аударады. Ол Жалайырларды құраған руларды манчжур тілінде оқу арқылы төмендегідей қорытындыға келді: «Въ манджурскомъ мы находимъ следущія слова для объясненія этихъ названій: чжа, стольбъ шатра, или чжай, второй; хунгки, кремень, для Кункаувъ или Хункаутовъ; тури, колыбель, бобъ; кумши, родъ сокола, для Кумсаутовъ; нилуканъ; кроткія слова; тулкунъ, темный, для Тулангитъ: санкга, очень древній для санкутъ или Санкгуть. Племя же Тукрауть можетъ быть получило названіе отъ турецкого прямой. Окончанія названій монгольскія, но множественное монгольскогочисло могло быть следсвіемъ омонголенія Джалаироъ, какъ и другихъ племенъ. – У г. Эрдмана мы находимъ следующіе варіанты: вм., вм, вм. вм.

Әрине, ежелгі Жалайырлар руларының атауларын манчжур тілінде ғана емес, көне түрік тіліне де икемдеп айтып көруге болады. Онда біз мүлде басқа мағыналарды көрсететін ру аттарына кезігередік. Біздің ойымызша, мәселе Рашид ад-дин берген құнды деректерді әр тілде оқуда емес, тарихи деректердің өздерінің қайталанбастай сирек кездесетін құндылығында.

Егерде осыны мойындар болсақ, онда ежелгі Жалайырларды құраған 14 рудың шығу тегін талдауға нақты назар аударуға тура келеді.

Жалайырлар тарихында ежелгі және ең басты ру Рашид ад-динде Джат деген атпен берілген жат руы. Моңғол тіліне жетік қазақ бауырымыз Зардыхан Қинаятұлы осы рудың атымен тұтас Жалайыр этнонимін байланыстырады. Ол былай деп жазған еді: «Осы топ моңғол әулеті ішінде «Жат жаланың адамы» немесе «Жалалылар» атанды. Мен осынау «Жат жалалылар» ұғымынан «Жалайыр» атауы шықты ма деп ойлаймын».

Оның ойынша осы жат руы моңғолдарға Шыңғысхан заманынан әлдеқайда бұрын жақындасып, тығыз қарым-қатынаста болған. Жат руына кеңірек түсініктеме берген Зардыхан Қинаятұлы өзінің ойын төмендегіше жалғастырады: «Жалайырлар» осылайша моңғолдарға кірме болуы XI ғасырдың соңы. Осы тұстан бастап олар Моңғол дарликиннің он рулы «Жат жалайыр» тайпасы атанып кетті. Моңғол жазбаларында олардың ең белді руы «Жат» деп аталады.

Жалайырлардың жат руы моңғол ортасында басқа жалайырлардан артық болды. Рашид ад-дин және қытай тарихшысы То Жидің айтуынша әйгілі Го Ван Мухулай және жалайыр тайпасынан шыққан басқадай әйгілі адамдардың көпшілігі осынау жат руынан шықты. Өйткені олар Қият Боржығандармен етене жақын қатынаста болды.

Белгілі түркітанушы С.Аманжолов Жат немесе Жайт руы кейінгі қазақтың Кіші жүзіндегі Жүй руына және қырғыздарда шайтейіт руына таралып кеткенін жазады. Қазақтың белгілі этнограф ғалымдары Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров Жалайырдың жат руын Жәйіт руы деп көрсетеді.

Қазақстандық синолог Ю.А.Зуев Жалайырдың жат руының атын олардың манихейлік діни нанымды қабылдауымен байланыстырып, «жат» атауын моңғолдың ча/ат (ақ) деген сөзінен іздестіреді. Біздіңше бұлай түсіндіру дәлелді фактілерге негізделмеген.

Дегенмен де Жалайырлардың жат руы моңғолдарға, әсіресе Шыңғысхан құрған мемлекетке әрқашанда адал болып қалды. Жат руының беделі артқаны сондай ол кейде Жалайырдың этнонимімен қатар айтылатын болды. Мұны моңғол билеушілері байқамады, елемеді десек тарихқа қиянат жасар едік. Жалайырдың жат руының моңғолдармен қатар жүріп, мемлекет құрысқан тағдыры назардантыс қалған жоқ. Бұл туралы З.Қинаятұлы былай деп жазады. «Жалайыр аты қаншама «Жат» болғанымен біріншіден, ежелден «Боржығын дарликин» саналатын, екіншіден, бел моңғолдардың атамекені саналатын Онон, Хэрлэннің шығысын мекендейтін, үшіншіден, елінің басын біріктіру үшін Шыңғысханның күн-түн демей ат сабылтып, қан жұтқан жанталасында еш жаттық танытпағандықтан Жалайырдың мекені «Боржығын категориясына» жатқызылып Мухулай бастаған шығыс түмен билігінде қалды».

Шыңғыс қаған тұсында Жалайырдың жат руына көрсетілген құрмет оның кейінгі ұрпақтары тұсында да жалғасын тауып жатты. Осының нақты мысалы осы жат руынан шыққан Мункасар ноянның тағдыры дер едік. Зардыхан Қинаятұлы былай жазады: «Жалайырдың Жат тайпасынан шыққан Мункасар ноян Тулуй мен оның ұлы Мөңкенің Қыпшақ жорығы барысында көрсеткен іскерлігі ескеріліп Мөңке қаған (1251-1259) билігіндегі Империясының Бас жарғышысы немесе әділет Министрі болды. Бас әділетшіге алғаш Шыңғысханның артқан жүгі аса ауыр және жауапты еді. ол Шихихутугты алғашқы бас әділетші етіп тағайындағанда «Күллі мемлекетте әділеттілікті сақтап, өтірік, өсектің алдын алып, жазалануы тиістілерді жазалап, басы алынуға тиістінің басы алынатын болсын» және «Мемлекеттік меншік бөлісіне байланысты дау-дамайларды тиянақтандырып, ол туралы көк дәптерге жазылып отыратын болсын. Шихихутагтың менімен келісіп, кесімін айтып көк дәптерге түсірген заңдық күші бар құжаттарына ұрпақтан-ұрпаққа дейін ешкім қол тигізбейтін болсын» - деп кескен. Көк дәптер кейін әлем тарихында, «Шыңғысханның ұлы жарғысы» (Великая яса») атанды. Бас әділетші Мунхусар ұлы хаған жарлығын бұлжытпай орындады. Өйткені Мөңке Моңғол империясының хаған тағы үшін бір жағынан Өгедей, Чагатай ұрпағы, екінші жағынан Жошы мен Тулуй ұрпағы арасындағы қақтығыс аса шиеленіскен тұста ұлы хаған тағына отырды. Оған жағдайын заң жүзінде орнықтыру ісі жалайыр Мунхасар ноянға тапсырылды.

Мунхасар ноян Мөңке хағанның жарлығымен үш мың қолды бастап Мөңкеге қарсы бас көтерген Күйік хағанның інісі Ширэмун және Күйік хағанның ұлы Нахуға қарсы аттанды. Мунхасар жоғарыда аталған Ширэмун, Цаху және басқадай 77 ноянды дарға асу туралы жарлыққа қол қояды. Мунхасар Мөңке хағанмен келісілген жарлық бойынша жоғарыдағы бас көтеруге ұйытқы болған Күйік хағанның тоқалы Огул Қаймыш, Күйік хағанның бұрынғы бас уәзірі Қадақ дарға қосылады. Ал Күйік хағанның бас кеңесшісі (Чинсан) Чингай орнынан босатылып, оның орнына Булгай Чинсан болып тағайындалады. Мөңкені хаған тағына отырғызуды қолдағаны үшін жәбір көрген барлық адамдарды жазадан құтқару туралы жарлыққа қол қойып, көк дәптерге белгілейді.

Мөңке хаған оның бас әділетшісі Мунхасардың тұсында елді жайлаған бассыз баусыздықты және кеден, салық, көлік, аң аулаушылық жүйелерін заңдастырып, бір қалыпқа келтіреді. Тек осылайша ел арасы орныққаннан соң ғана Мөңке хаған ұлы шығыс жорығына аттануына мүмкіндік туады. Мунхасар ноян Мөңке хағанның шығыс жорығына онымен бірге болып ұлы хағаннан бір жыл соң 1260 жылы қытайдың Сычуань өлкесінде дүние салады. Мөңке ханның тұсында Мунхасардың ұлы Хандукурноян отрядын жасақтап, өзі басқарып Иранға аттанады. Келесі ұлдары Курмиши, Ел-Тимур кіндік Моңғол жерінде әскери қызметте қалады.

Жат руының Шыңғысхан жаулауы тұсында батысқа жылжығанын байқаймыз. Олар кейініректе, 1429-1430 жылдары Шайбаниханның атасы Әбілхайырдың Ертіс бойындағы Төре қаласында таққа отыруына қолдау жасаған 23 тайпаның қатарында болды. Бұл тұста жат (джат) руы тайпаға айналып Жалайыр одағынан бөлініп үлгерген тәрізді. Өйткені осы 23 тайпа ішінде бұрын жалайыр тайпасы құрамына кірген 10 ру ішінен курлаут (куркин) ғана жатпен қатар аталады. Байқауымызша, бұл тұс жат руының батысқа жылжыған қытай, ұйғыр, найман, қият және қарлық тайпаларымен бірге көшіп-қонып жүрген кезі.

Тегінде жат о баста Жалайыр одағында үстем ру болғандықтан, о баста-ақ жеке, бөлек айтылып жүрген. Кейде ол «жадаран» аталғанын байқаймыз. Ал көшпелі өзбек ұлысында жат (джат) найманмен қатар жеке ру ретінде аталады.

Ежелгі Жалайырлар одағына кірген келесі ру тоқырауыт немесе тоқырауын. Бұл ру атауының шығу төркіні туралы Ю.А.Зуев төмендегідей өзіндік болжам көзқарас білдіреді: токраут, ср.Toqu/ra «Сокровенного сказания» (§213). Возможно, это слово восходит к tokoro/tager (тохар (О юэчжи-тохарах на восточных склонах Большого Хингана говорилось... Они отмечены и в составе восьмиплеменных киданей. В новой редакции «Истории династии Тан» это племя названо С7404, 2137 духо [Оуян Сю, гл.219, с.1537, л. 16]. Транскрипция духо (>d/uk-yuat) отражает tuxar6 tugar7

Тохар (Юэчже) тайпалық бірлестігінің б.з.д. ғұндар заманында-ақ өмір сүргендері белгілі. Олар солтүстік ғұндары мен үйсіндердің арасында орналасты. Кейінірек тохарлар (юэчжилар) батысқа қоныс аударып, біртіндеп Бактрия жеріне дейін барды. Тарихта Бактрияның Тохаристан аталғаны да белгілі. Кезінде Хотан өлкесін мекендеген тохарлардың бір руының кейінірек жалайырлар бірлестігене кіруі әбден мүмкін. Бұлай болған жағдайда бұрын ирантілдес болған, кейіннен үйсіндерге бағынған бұл тоқарларды тоқырауыт деп қабылдар болсақ, оларды моңғолтілдес еді деп айта алмаймыз.

Ю.А.Зуевтің бұл болжамын теріске шығара алмайтын себебіміз, қидандардың кезінде ұйғыр қағанатын талқандаған қырғыздардан билікті тартып алып, Шығыс Түрік қағанатының орталығы болған Орхон бойын мекендегендері белгілі. Бұл Жалайырларға көрші аймақ. Мұнайда юэчжи-тоқарларының бір руының Жалайыр одағына барып қосылулары әбден мүмкін.

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ.
("Жалайыр тарихы" кітабынан үзінді)

Жалғасы келесі санда

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАРУАСЫ ШАЛҚЫҒАН ҚОЖАЛЫҚ

Төрт түлік өсірген шаруа шығынсыз болуы үшін жер игерумен де, егін егумен де айналысуы керек. Қазіргі мал ұстаған жандардың басым қателігі осы. Қора-қора қой, табын-табын сиыр ұстағанмен жер тырмалап, дән сеппейді. Есесіне, мал азығын сатып алады. Қазір жемшөптің бағасы аспандап тұр. Былай айтқанда, қолдағы қойдың да, мүйізді ірі қараның да табысты болмағы үшін шаруалар егін егуге машықтануы тиіс.

Бұл біздің емес, Ескелді ауданындағы, тек Ескелді ауданы емес, тұтас Жетісу өңіріндегі озық шаруашылық саналатын «Хильниченко и К» шаруа қожалығы төрағасының орынбасары Александр Хильниченконың сөзі. Жуырда жайлауында мыңғырған мал, алқабында бар дақылды егетін шаруа қожалығы жайында білмекке барғанбыз. Сонда көктемнің қызған тірлігіне қарамай А. Хильниченко өз шаруаларымен қатар саладағы кемшін жайлардың байыбын таразылаған еді.

«Хильниченко и К» шаруа қожалығы Ескелді ауданында мол табысты әрі жұмысшысы көп құрылым. Қазір мұнда 438 аудан тұрғыны нәпақа тауып жүр. Орташа жалақы 240 мың теңгені маңайлайды. Шаруашылық жетекшісінің сөзінше, еңбек өнімділігіне орай едәуір жоғары жалақы алатындар да бар. Жоспар еселеніп орындалған жағдайда мұндағы жұмысшылар 750 мыңға дейін табыс таба алады. Оның үстіне шаруашылық еңбеккерлерге барынша жағдай жасап келеді. Сұраныстағы мамандарды сырттан алдырып, оларды баспанамен де қамтамасыз етеді. Тіпті, біліктілігін де арттырады. Арнайы оқу орындарында білімін жетілдіреді. Жұмысшылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Дейтұрғанмен, қожалықта, жалпы, ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге құлықты жастар кемшін. Мұны, А. Хильниченко жиі айтып жүр.

– Тап қазір ауыл шаруашылығы саласында кадр тапшылығы байқалуда. Бүгінде бізге мал дәрігері, агроном сынды мамандар ауадай қажет. Алдағы 10 жылда бұл салада жұмыс істейтіндер азаяды. Бірер жыл бұрын өзімізге қажетті мамандарды жоғары оқу орнынан оқытуды қолға алдық. Оқу ақысын өзіміз төледік. Қажетімізге жарайды деген жастар қолына дипломы тиісімен ауылда тұрмайтынын, салада жұмыс істемейтінін, есесіне қалада кафе мен мейрамханада даяршы болуға ниетті екенін жеткізгенде шалқамыздан түстік. Содан бері өз мамандарымызды оқытып, білімін жетілдірудеміз. Кешегі сауыншы қазір технолог, кешегі тракторшы қазір бас механизатор болып қызмет етуде. Еліміздегі инфляцияға байланысты биыл жұмысшылардың жалақысын 20 пайызға арттырдық, – дейді төрағаның орынбасары.

Қожалық бүгінде тұрмысына үш бағытты арқау еткен: егін, мал өсіру және өңдеу. Әуелгісіне келер болсақ, бүгінде қауқарлы құрылым 105 гектарға соя, 125 гектарға дәнді жүгері, 325 гектарға силостық жүгері, 400 гектарға тәтті түбір және 2200 гектарға күздік бидай егуде. А. Викторұлының айтуынша, осынша алқаптан мол өнім алу үшін сапалы тұқым мен еселі еңбек керек. Екі аптаға кеш басталған дала жұмыстары қазір жоспарға сай жүруде. Көктем қырын мінез танытпаса, егін егу дер уақытында аяқталмақ. Шаруашылықта техника да жеткілікті. Мұнда заманауи 40 трактор, 6 дәнді дақыл жинайтын комбайн, 3 тәтті түбір жинайтын комбайн және 2 мал азығын даярлайтын техника бар. Оған 10 жүк көлігін қосыңыз. Айта кететін жайт, шаруа қожалық егілетін дақылдың тұқымын шетелден, ал себілетін тыңайтқыштың бәрін тікелей зауыттан алады. Биыл 1 мың тонна аммоний сульфатын «АрсеналМитталТеміртау» зауытынан алса, 200 тонна аммофос тыңайтқышын «Казфосфат» кәсіпорнынан алған.

Жалпы, Ескелді ауданында 9 тауарлы-сүт фермасы болса, соның 4-еуі «Хильниченко и К» шаруа қожалығына тиесілі. 2022 жылы шаруашылық 300 млн. теңге өз қаржысы есебінен толық автоматтандырылған 4-ші ферманы іске қосқан еді. Жалпы, фермалардың барлығында адам еңбегі аз жұмсалады. Бәрі де толық автоматтандырылған. Айтпақшы, қожалықта алатау тұқымды 3 мың бас мүйізді ірі қара болса, оның 1 мыңы аналық. Александр Викторұлының айтуынша, ферма қызметкерлері селекция жүргізу нәтижесінде өнімділікті арттыру қолға алынған. Кеңес заманында бір сиырдан жылына 3200 литр сүт лактациясын алу қалыпты жағдай болса, селекция нәтижесінде тауарлы-сүт фермасындағы мүйізділерден 5173 литр сүт лактациясы алынады. Бұл рекордтық көрсеткіш. Мұнан өзге шаруашылықта 5 мың бас меринос қойы өсіріледі. Айта кететін жайт, шаруашылық мал етін сатумен де айналысады. Мал бордақылау цехынан шыққан сиыр еті 2200 теңгеден, қой еті 2000 теңгеден дүкен сөресінде тұр.

Жоғарыда айтқанымыздай, шаруа қожалықтың үшінші бағыты – өңдеу. Қазір шаруашылықта жартылай даярланған өнім цехы, диірмен, макарон цехы, жарма цехы және шұжық цехы бар. Өз өнімінен шұжықтың 14, жартылай даярланған өнімнің 12, макаронның 9 және жарманың 4 түрі шығарылады.

А. Хильниченко жетекшілік ететін қожалық әзірге өңірдегі өзі өндіріп, өзі өңдеп, дайын өнімді нарыққа шығаратын құрылым болып қала бермек. Заман ағымына сай жаңғырып жатқан шаруашылық өркенін одан әрі жая түседі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦЕЛЕВЫХ НАКОПЛЕНИЙ ПО ИТОГАМ 9 МЕСЯЦЕВ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «НАЦФОНД - ДЕТЯМ»

По состоянию на 1 октября 2024 года с начала годав рамках программы «Нацфонд - детям»АО «ЕНПФ»исполнено (переведено уполномоченным операторам для зачисления на банковские счета заявителей) **27 547**заявлений на общую сумму порядка **2,8 млн**долларов США. Из них в целях **улучшения жилищных условий** исполнено **15 003**заявления на сумму более **1,5 млн** долларов США,**для оплаты образования**–**12 544** заявления на сумму около **1,3 млн** долларов США.Напомним, что получатели целевых накоплений могут использовать всю сумму или ее часть, остаток неиспользованной суммы остается на целевом накопительном счете (ЦНС).

Наиболее популярными субцелями использования средств **на улучшение жилья**стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 14 512заявлений на сумму порядка 1,5 млн долларов США), приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) – 166заявлений на сумму более 16,6 тыс. долларов США, внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища – 136заявлений на сумму около 13,7тыс. долларов США.

Наиболее часто используемымисубцелямив рамках **оплаты образования**стали: оплата образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения) (исполнено 10 171 заявление на сумму более 1 млндолларов США), пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 1 725 заявлений на сумму более 173,2 тыс. долларов США), оплата образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения) (исполнено 555 заявлений на сумму порядка 55,7тыс. долларов США).

Статистика показывает, что использование целевых накоплений на образование выросло за последние два месяца по сравнению с началом лета примерно в 2-3 раза. Вероятно, это связано с началом учебного года и поступлением молодых людей в учебные заведения.

Вместе с тем отмечаются и возвраты средств от уполномоченных операторов на целевые накопительные счета участников программы в ЕНПФ. На 1 октября 2024 года в ЕНПФ возвращено более 198,5 тыс. долларов США согласно 1993 заявлениям на жилье и порядка 200,4 тыс. долларов США согласно 2046 заявлениям на образование. Возвраты в основном производятся по причине того, что уполномоченным операторам не были предоставлены необходимые документы в течение 45 рабочих дней. Участники программы могут снова подать заявление на получение целевых накоплений в течение 10 лет, по истечении этого срока средства будут переведены на добровольные пенсионные счета.

С подробной информацией о выплатах целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

Напомним, что согласно программе «Нацфонд - детям» 50% инвестиционного дохода Национального фонда Республики Казахстан раз в год распределяется между детьми-гражданами Республики Казахстан, которые родились в2006 году и позднее. В феврале 2024 года по итогам 2023 года в ЕНПФ всем детям были начислены первые целевые требования, а гражданам, достигшим в 2024 году 18 лет, начислены целевые накопления (ЦН) на целевые накопительные счета(ЦНС) и стали осуществляться выплаты. Общее количество участников программы - **6 919 131 ребенок**(дети - рожденные с 01.01.2006 г. по 31.12.2023 г., включительно). Из них **304 815** участникам в 2024 году исполняется или уже исполнилось 18 лет (дети - рожденные с 01.01.2006 г. по 31.12.2006 г., включительно).

Ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz и на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ. Также отметим, что видеоинструкция о реализации программы «Национальный фонд – детям», алгоритме действий до и после наступления совершеннолетия ребенка размещена на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ по ссылке: https://www.youtube.com/watch?v=HHQNAxfskX8.

ЗА 9 МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД КАЗАХСТАНЦЕВ СОСТАВИЛ 2,09 ТРЛН ТЕНГЕ И ПРЕВЫСИЛ ОБЪЕМ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ НА 76 МЛРД ТЕНГЕ

За 9 месяцев 2024 года чистый инвестиционный доход казахстанцевсоставил2,09 трлн тенге, что больше на 716,3 млрд тенге или 52,3 % показателя аналогичного периода прошлого года.

При этом за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), добровольных пенсионных взносов (ДПВ) вкладчикам и получателям поступил чистый инвестиционный доходв размере 2,08 трлн тенге, что превышает объем этих взносов, который составил 1,85 трлн тенге.

Чистый инвестиционный доход по обязательным пенсионным взносамработодателя (ОПВР), перечисление которых началось только в 2024 году, составил 9,06 млрд тенге при объеме взносов в 160,6 млрд тенге.

Доходность пенсионных активов ЕНПФ, образованных за счет ОПВ, ОППВ, ДПВ,под управлением Национального Банка РК за 9 месяцев2024 г. составила 11,22% при инфляции за данный период 5,7%. Доходность пенсионных активов ЕНПФ, сформированных за счет ОПВР, по состоянию на 1 октября2024 с начала года –8,87%.

При этом доходность пенсионных активов ЕНПФ за последние 12 месяцевпо состоянию на 1 октября 2024составила 12,47% при инфляции в размере 8,3%.

Инвестиционный доход складывается из доходов в виде вознаграждения по финансовым инструментам (по ценным бумагам, вкладам и другим операциям), рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, доходов по активам, находящимся во внешнем управлении и т.д. Для сохранности пенсионных активов и получения доходности Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) и управляющие инвестиционным портфелем (УИП) постоянно диверсифицируют инвестиционный портфель. То есть активы инвестируются в разные финансовые инструменты, валюты и регулярно перераспределяются с учётом рыночной ситуации.В обзорах инвестиционной деятельности Национального Банка РК, ежемесячно размещаемых на сайте enpf.kz, отражено, что по состоянию на 1 октября 2024 года доходы были получены по всем видам инструментов.

Накопленная инвестиционная доходность в долгосрочном периоде также превышает инфляцию. Смомента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году на 1 октября2024 года нарастающим итогом накопленная доходность составила 919,3% при инфляции за весь период 803,01%.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Много интересной и полезной информации, в том числе интервью экспертов накопительной пенсионной системы об инвестировании пенсионных активов, - на YouTube-канале БЖЗҚЕНПФ.

«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ»

1) Скажите, пожалуйста, как изменится пенсионный возраст в 2025 году?

В 2025 году пенсионный возраст не изменится ни для мужчин, ни для женщин. Для мужчин возраст выхода на пенсию составляет 63 года, для женщин – 61.

До 2028 года пенсионный возраст женщин останется на этом уровне, а затем в рамках пенсионной реформы, постепенно начнёт подниматься:

с 1 января 2028 года – по достижении 61,5 года;

с 1 января 2029 года – по достижении 62 лет;

с 1 января 2030 года – по достижении 62,5 лет.

С 2031 года для женщин начнёт действовать максимальный уровень пенсионного возраста – 63 года.

В 2025 году на пенсию мужчины 1962 года рождения и женщины 1964-го.

4) Скажите, пожалуйста, как я могу проверить информацию о включении детей в программу «Нацфонд-дети»?

Информацию о включении ребенка в список участников целевых требований в рамках программы «Нацфонд-детям» родители или другие законные представители несовершеннолетнего лица могут проверить на сайте kids.enpf.kz по ИИН ребенка, где можно ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы.

Также данные о начислениях каждому ребенку родители могут проверить в личном кабинете на портале egov.kz.

Казахстанцы, которым в 2024 исполняется 18 лет, могут самостоятельно проверить поступление средств на целевые накопительные счета (ЦНС) посредством личного кабинета на интернет-ресурсе ЕНПФ и (или) веб-портале «электронного правительства».

5) Что делать, если ребенку не начислены целевые требования или целевые накопления в рамках программы «Нацфонд – детям»?

Если казахстанцы обнаружили, что ребенку не начислены средства в рамках программы «Национальный фонд – детям», следует проверить наличие у него свидетельства о рождении или удостоверения личности, корректность личных данных ребенка, а также их наличие в своем личном кабинете на портале "Электронного правительства". В случае отсутствия документов, необходимо обратиться в ЦОН по месту жительства. Если отсутствует, не установлено или некорректно указано гражданство ребенка, то следует обратиться в миграционную службу по месту проживания. После исправления ошибок целевые требования или целевые накопления из Нацфонда и начисленный на них инвестиционный доход будут полностью начислены в следующем году с учетом пропущенного периода.

ТРАНСПОРТ

КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ЖДУТ АВТОМОБИЛИСТОВ В КАЗАХСТАНЕ

Скидки за плохие платные дороги и «омоложение» техосмотра: какие изменения ждут автомобилистов в Казахстане

МИНТРАНС ПЛАНИРУЕТ ПОПРАВКИ В СФЕРЕ ПЛАТНЫХ ДОРОГ. И ТЕПЕРЬ ЗА НАЛИЧИЕ ДОЛГОВ ПО НИМ МОГУТ ОТКАЗАТЬ В ТЕХОСМОТРЕ, А ПРОХОДИТЬ ПРОВЕРКИ ОБЯЖУТ АВТО СТАРШЕ 5 ЛЕТ. ОБ ЭТОМ ЧИТАЙТЕ НА NUR.KZ.

Министерство транспорта разработало поправки по вопросам передачи некоторых государственных функций в области автомобильных перевозок. Соответствующий проект был опубликован на портале «Открытые НПА».

Среди планируемых нововведений отмечаются вопросы пользования платными дорогами в Казахстане.

Так, в пятой статье закона «Об автомобильных дорогах» планируется добавить подпункт 2−1, который должен защитить права пользователей платных дорог:

2−1. При выявлении дефекта Национальным оператором, требующего ремонта на платном участке (зоне) автомобильной дороги, плата за проезд по нему подлежит соразмерному уменьшению на период устранения дефекта в соответствии с правилами взимания платы за проезд по платной автомобильной дороге общего пользования республиканского значения (участку).

То есть автовладельцы будут платить меньше денег на тех участках платных дорог, на которых будут иметься дефекты, требующие ремонта. «Скидки» будут применяться до их устранения.

Новшества техосмотра

Изменения затронут и закон «О дорожном движении».

Так, в пункте 12 статьи 88 (Обязательный технический осмотр) добавится подпункт 5. Согласно ему после принятия законопроекта основанием для отказа казахстанцам в допуске к проведению технического осмотра может стать задолженность по платным дорогам.

«Внедрение данной нормы повлечет за собой обеспечение взыскания задолженности с пользователей при прохождении обязательного технического осмотра без дальнейших затяжных процедур взыскания задолженности в рамках гражданского производства», — отмечается в тексте проекта.

Также в данную статью внесут поправки, согласно которым обязательный технический осмотр должны будут проходить автомобили, возраст которых превышает пять лет, включая год выпуска. Ранее от техосмотра освобождались авто моложе семи лет.

Отмечается, что это нужно в целях повышения безопасности дорожного движения.

Проект изменений в некоторые законы находится на стадии обсуждения, которая продлится до 5 декабря 2024 года.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІНЕН 1425 МЕТР БИІКТІКТЕ ЖОҢҒАР АЛАТАУЫНЫҢ ЕТЕГІНДЕ ТАБИҒИ ТАЗА БАЛ ӨНДІРІЛЕДІ. МҰНДА ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДАҒЫ «TEKTAU» ЖШС 300-ДЕЙ АРАНЫҢ ҰЯСЫН ҰСТАП, ОМАРТАШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСУДА.

БІРЕГЕЙ ӨНДІРІС

Серіктестік жылына 100 тонна өнім өндіруге қауқарлы. Өзі өндірумен қатар олар балды жергілікті омарташылардан да сатып алады. Балдың сапасы мен тазалығы өздерінің арнайы зертханасында тексеруден өтеді. Өз өнімдерін отандық нарыққа, БАӘ мен Ресейге және Қытайға экспорттап отыр.

Кәсіпорын директоры Руслан Кутлуковтың айтуынша, басты міндет – табиғи таза өнім өндіру, соған сәйкес компания «TekTau-дың» балы әр шаңырақта болуға тиіс» деген ұранды ұстаным етіп алған.

– Балдың сапасы мен тазалығы өндірістің бүкіл кезеңінде бақыланады. Оның стандартқа сай болуын жіті қадағалаймыз. Әр тұтынушымызды нағыз тау балының дәмімен тамсандырсақ дейміз. Зертханамызда балдың құрамындағы дәрумендер мен пайдалы қасиеттерді төмендетуге әсер ететін заттарды анықтаймыз. Сол сияқты аралардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастырамыз,– дейді Р. Кутлуков.

«TekTau» ЖШС балдың 4 түрін – тау, орман, қыр балдарын және Алтай тауының балын өндіреді. Қаптамасына да ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, тау балы жөке ағашынан жасалған, іші балауызбен өңделген бөшкеге, сол сияқты шағын пластикалық ыдыстарға құйылады. Оған қоса балдың барлық түрі шыны банкаларға, ал бал ұяшықтары ағаш қораптарға салынады. Мұндай әсем безендірілген бренд өнімді таптырмас сыйлық дер едік.

– Арадан көп нәрсе үйренуге болады. Ол бізге пайдалы өнім беріп қана қоймай, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа үйретеді, топпен жұмыс істеудің артықшылығын түсінуге көмектеседі. Араның бал жасау процесіндей күрделі процесті ештеңемен салыстыруға болмайды. Мысал үшін бірнеше деректі келтіре кетсем: ара гүл шырынын өзінің артқы екі аяғында болатын арнайы қуыс – «бал сауытында» сақтап, оны омартаға жеткізеді. «Бал сауытының» сыйымдылығы шамамен 70 миллиграмм, бірақ оны толтыру үшін араға 1000-1500 гүлге қонуға тура келеді. Өңделген шірнені ұяшықтың бір тор көзінен келесі бір тор көзіне ауыс-тырып, желдетіп, артық ылғалын әбден кетіреді. Мұның өзі 8-10 күндей уақытты алады. Бұл кезде одан әлі жетілмеген бал шығады. Оның булануын тездету үшін аралар қанаттарымен желдетеді. Омартаның жанына келгенде естілетін уіл – сол дыбыс. Ара балды осылай жасайды. Шырын ұяшықта тиісті қоюлық деңгейіне жеткенде балға айналады. Балы бар ұяшықтар балауызбен жабылып, өнім пісіп-жетіледі. Бір килограмм бал алу үшін омартадағы аралар шамамен 10 миллион гүлді аралайды. Әрине, балды бір емес, бірнеше ара жинайды. Бірақ бір араның өзі атқаратын жұмыс аз емес: бір күнде жұмысшы ара 5-7 мың гүлге қонады,– дейді омарташы.

Ара шаруашылығымен айналысудың ерекшелігін баяндай отырып Руслан Кутлуков аралар туралы тағы бір таңырқатар дерек айтты:

– Бір қызығы, шырынды гүлдердің қай жақта көп екенін білдіріп, басқа аларды көмекке шақырғанда ол билейді. Оның жылдамдығы мен би қимылдары шырынды алқаптың қашықтығы мен бағытын көрсетеді. Қазіргі кезде біздің алқапта 300-дей араның ұясы орналастырылған. Компаниямыз бал шаруашылығымен 2015 жылдан бері айналысады, кәсіпорынды 2018 жылы аштық. Осы уақыт аралығында едәуір тәжірибе жинақтап, жоғары біліктілік деңгейіне жеттік. Қазіргі кезде біздің балымыздың нарықта өз орны бар, экспортта да бағаланып, ел азаматтарымен қатар БАӘ мен Қытай тұрғындары да тұрақты тұтынатын болды, – дейді ол.

Жалпы, «TekTau» ЖШС Ескелді ауданының Сырымбет ауылында орналасқан, онда балды қаптау цехы, балды кристалдандыруға арналған термокамера бар, сол сияқты қойма орындары мен кеңсе орналасқан. Кәсіпорында 10 адам жұмыс істейді.

Жетісу облысында өткен жылы 280 тонна бал өндірілген, омарташылыққа жасалатын мемлекеттік қолдау жергілікті

Дастанбек САДЫҚ

Бейсенбі - Четверг, 28 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 Ақпарат
07.00 Tansholpan.
10.10, 18.00 Т/х
12.10 «Тату-тәтті» реалити-шоу
14.10, 05.25 Әйел әлемі
14.55, 21.25 Т/х «Көршінің қызы»
16.00 Т/х
17.10 «Қызық екен».
20.30, 00.50 «Ашық алаң». Қоғамдык- саяси ток-шоу.
22.15 Т/х
23.15 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
00.50 футбол
03.00 Ашық алаң
05.35ауылдастар

ХАБАР

05.00 «Кім мықты »
07.00 Оян!
10.00 Сериал «Мама»
12.00 Т/х «Тағдырға сен»
14.00, 21.45 «Несібелі несие»
15.00 «Мәдениет үйі» т/х
15.30 Тамаша
16.00, 22.30 Сериал
18.00 «Біздің назарда»
18.30 Новости
19.00 Итоги
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Өмір ғажап»

АСТАНА

06.00 Т/х «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00, 21.00 түрік т/х
10.20, 00.20 сериал
12.30 «Өгей жүрек» т/х
13.00 «Қалқан» т/х
14.15 сериал
15.00 сериал
16.00 «Я все помню»
18.20, 23.25 «Осман» сериал
19.20 «Бумеранг» сериал
20.00 Астанатаймс
21.55 Сериал «Адасқан сезім»
23.35 Осман
02.20 Тақ тартысы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х
07.00 Көреміз
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 сериал
13.05 Сериал
14.00, 02.00 Новости
14.15, 02.15 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30, 04.05 Басты жаңалықтар
19.00, 02.15 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал
01.00 Ночной кинотеатр
02.30 «Картер» т/х

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Намыс т/х
09.00 Вечерние новости
09.40 «Было дело»
10.40,23.50 «Шеф-6»
12.40 мелодрама
13.50 Райское место
18.20 Раушан мен Саша
19.30, 04.55 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
02.10 мелодрама
04.10 Астарлы ақиқат
05.20 Намыс

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00«Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.00 «Дала үні»
17.50 «Арам ойлы дос»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 Time Vine
07.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 «Қызыл шербет» Т/хсы
09.00 Мультсериал «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз...» Т/хсы
11.10, 00.30 «Келіндер байгесі»
12.20 тиктокшоу
12.40 м\с
13.10 Кино
15.50 кино
18.00 Кино
20.00 Информбюро (рус, каз.)
21.00 Кино
23.30 Телесериал «Клюк венный щербет»
00.40 Келіндер бәйгесі
01.40 «31әзіл»
02.30 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 әзіл
04.30 балабатл
05.00 What's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Әйгерім Сейфолланың Сырласуы»
07.00, 18.00 Т/х «Абысындар-2»
09.00Эртугурул
10.00, 20.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.00 сериал
12.00, 22.00сериал
14.10 сериал «Пока станица спит»
15.00, 21.00 Сезім үшін
16.00 Т/х «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
17.00 Байтақ жерім
00.00 Шаттық тұрағы
01.00 Зере
02.50 Жеңіп көр
03.50 Япырай
04.40 «Қуырдақ»
05.42 Үзіліс

Жұма - Пятница, 29 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05,05.40«Жәдігер»
06.30, 10.00,14.00,17.00,20.00, 23.30 АҚПАРАТ
07.00 «ТАНШОЛПАН»
10.10, 18.00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
12.10 «Тату-тәтті» шоу
14.10 «Атамекен»
14.40,04.50 «Арнайы жоба»
15.00 «Көршінің қызы»
16.00 «Қара шаңырақ»
17.10,04.00 «Қызық екен...»
20.30 «АШЫҚ АЛАҢ»
21.25 «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА»
22.35 «Сабаз бен сұлу»
00.05 «Парасат майданы»
00.35 «АШЫҚ АЛАҢ»
01.25 «Сана»
02.25 «Тату-тәтті»шоу
05.15«Әйел әлемі»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты»
07.00 «Оян!»
10.00 «Чужая»
12.00 «Тағдырға сен»
14.00,21.45«Несібелі несие»
15.00 «Мәдениет үйі»
15.30 «Тамаша»
16.00,22.30 «Незакрытач мешень»
18.00«Көзқарас»
18.30 Новости
19.00 «Талқы»
19.30 Жаңалықтар
20.00 «Өмірғажап»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан-2»
10.20 «Громовы»
12.30 «Өгей жүрек»
13.35 «Прямая связь»
14.00 «Вопреки судьбе»
18.20 «Осман»
19.20 «Бумеранг»
20.00 «Astanatimes»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Осман»
00.20 «Громовы-2»
02.20 «Тақ тартысы»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Правда о деле квеберта»
07.00 « KOREMIZ»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.00 «Я иду тебя искать»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 « KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.55«Поле чудес»
22.10 «Сводная»
02.10 Новости
02.25Жаңалықтар
02.40 «Картер»
04.05«Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Намыс»
09.00 «Вечерние новости»
09.40 «Было дело»
10.40 «Шеф-6»
12.40 «Золотое сердце»
13.50 «Райское место»
18.20 «Раушан мен Саша»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Троянский конь»
02.10 «Райское место»
04.10«Дау-дамайсыз»
04.55«Кешкі жаңалықтар»
05.20«Намыс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Домбыра»
12.00 «19 регион»
12.30 «Дала үні»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңыраудан шыңға»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Абадан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.30 «Тайм Вайн»
07.00 Информбюро
08.00 «Қызыл шербет»
09.00 «Маша и медведь»
10.00 «Әке сіз....»
11.10 «Келіндер бәйгесі»
12.20 «Команда Мстители»
12.50 «Лара Кроф-Расхительница гробниц-2. Колыбель жизни»
15.30 «Люди в черном-2»
17.30 «Элизиум.Рай не на земле»
20.00 Информбюро
21.00 «Люди в черном -3»
23.30 «Клюквенный щербет»
00.40 «Келіндер бәйгесі»
01.40 «31 әзіл»
02.30 «Тайм вайн»
03.00 TikTok show
03.20 What 's up?
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02«Q –елі»
06.30 «Здоровье с Айнур Тажиной»
07.00,18.00 «Абысындар-2»
09.00 «Эртугрул»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Давай найдем друг друга»
12.00,22.00«Бригада»
14.10 «Пока станица спит»
15.00,21.00 «Сезім үшін»
16.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
17.00 «Байтақ жерім»
23.00 Әйгерім Сейфолланың сырласуы
00.00 «Шаттық тұрағы»
01.00 «Тойхана-2»
02.00 «Келесі кім?»
02.50 «Жеңіп көр»
03.50 «Япырай»
04.40 «Қуырдақ»
05.42 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 30 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05,03.55 «Ауылдастар»
06.30,17.00,00.50Ақпарат
07.00,02.40«Қызық екен....»
07.50,04.30 «Көңіл толқыны....»
09.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР»
10.00,18.00 «Қол созған үміт»
12.00 «Жұлдызды жұп»
14.10 «Дара бала»
15.10 «Коко құпиясы»
17.20 «Қос палата»
17.40 «Әлем және біз»
20.00«Жұлдызды жұп»
21.55 «Сабаз бен сұлу»
22.50 «Тектік сарын»
01.10 «Қос палата»
01.30 «Әлем және біз»
01.50 «Теледәрігер»
03.30 «Атамекен»

ХАБАР

05.00 «Мәртебелі өнер»
06.30 «Асыл қазына»
07.30 Концерт «Тұрар»
08.30 «Өз елім»
09.05 «Культурный контекст»
09.35 «Неосеть»
10.00 «Смешарики»
11.10 «Панда и киви»
12.00,21.45«Переводчики»
14.00 «Қызық times»
15.30 «Тимучин»
17.00 «Тамаша»
17.45 «Асыл домбыра»
19.00 «Cover show»
21.00 «7 күн»
23.45 «ОйнаIQ»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50 «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан-2»
10.20 «Ән мен әнші»
11.40 «Шахта»
13.00 «Қалқан»
14.20 «Алдараспан»
15.50 «Коко Жанбо»
16.20 «Дорога к отцу»
18.10 «Осман»
19.10 «Бумеранг»
20.00 «Sapar times»
21.55 «Адасқан сезім»
23.25 «Осман»
00.20 «Ва Банк»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ұшқалақ»
06.30 «Правда о деле Квеберта»
08.30«П@УТИНА»
09.30 «QAIMAҚ»
10.05 «Поехали»
11.05 «Китайская бабушка»
13.00 «Группа Zeta»
17.00 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
19.00 «Koremiz»
20.00«Асау жаңалықтар»
20.30 «Заң мен ел»
21.00 «Противостояние»
01.35 «Асау жаңалықтар»
02.05 «Тайны Борго Ларичи»
03.30 «Koremiz»

КТК

07.05«Жұмақтың кілті»
08.15 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
08.50 «Было дело»
09.50 «Троянский конь»
13.50 «Қырсық ғашықтар»
15.25 «Махаббат пен қорқыныш»
17.00 «Шымкент шоу»
18.10 «Махаббат пен қорқыныш»
20.00 «DinDinaShow»
21.00 «Все равно ты моя »
01.30 «Было дело»
03.30«Қырсық ғашықтар»
04.40 «Жұмақтың кілті»
05.50 Концерт

ЖЕТІСУ

07.00 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Ордабасы - бірлік туы»
14.30 «Абадан»
15.00 «Аман болайық»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.40 «Өзбек құда»
18.00 «Жарқыра»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Менің анам»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIKTOKshow»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «31 әзіл»
10.30 «Дерт»
12.00 «Белгісіз батырлар»
14.10 «Книга жизни»
16.20 «Тачки»
18.30 «Kingsman.Золотое кольцо»
21.40 «Мстители»
00.40 «Мен лайықпын!»
01.50 «Bizdin show»
02.30 «31 әзіл»
04.00 Time Vine
04.20 Tik Tok show
04.40 Әзіл студио
05.00 1001 әзіл
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
06.20 «Жарқыраған жұлдыз»
07.00,18.00 «Абысындар-2»
09.00 «Юморина»
10.00, 20.00 « Великолепный век. Хюррем»
11.00 «Снежная Королева»
14.50 «Таптым –ау сені»
16.40 «Сөздің қысқасы Ардақ Қасымханмен»
17.00 «Ғаламат ғасыр Хюррем»
20.30 «Маска» мега-шоу
22.30«Жарқыраған жұлдыз»
23. 20 «В поисках мамы-2»
01.20 «Келесі кім»
02.40 Қызықты Weekend
03.40 «Жеңіп көр»
05.10 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Жексенбі - Воскресенье, 1 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05,04.40 «Ауылдастар»
06.35,03.50«Дәуір даналары»
07.15 «Қызық екен...»
08.10 Шығармашылық кеш Жігер Ауыпбаев
09.35,04.20«АҚСАУЫТ»
10.00,18.00 «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ»
12.00 «Коко құпиясы»
13.50 «Тектік сарын»
15.50 «Сағындырған әндер-ай»
16.50 «Атамекен»
17.20 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 «АҚОРДА»
21.00 «Көңіл толқыны»
22.15 Телехикая «Сабаз бен сұлу»
23.15 «Құнанбай»
01.05 «Апта»
01.55 «Ақорда»
02.10 «Атамекен»
02.40 «Әйел әлемі»
03.10 «Күміс көмей»

ХАБАР

05.00«Мәртебелі өнер»
06.30 «Асыл қазына»
07.30 «Жүрегім ақ»
08.30 «Жеруйық»
09.00 «Қазақ елі»
09.30 «Смешарики.Легенда о золотом драконе»
10.40 «Смешарики.Дежавю»
12.00,21.45 «Секретный агент»
14.00 «Cover show»
16.00 «Любовь на миллион»
18.00 «Тамаша»
18.30 «ОйнаIQ»
19.30 «Қызық таймс»
21.00 «7 күн»
23.45 «Алғашқы»

АСТАНА

06.00 «Қорғаушы ханым»
06.50М/ф «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Алпарслан-2»
10.00 «Махаббат әлемі»
11.40 «Шахта»
13.00 «Бобби»
16.35 «Вопреки судьбе»
21.55«Адасқан сезім»
23.25 «Коко Жанбо»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ұшқалақ»
07.00 «Правда о деле квеберта»
08.50 «Заң мен ел»
09.15 «Воскресные беседы»
09.25 «Бесценная любовь»
13.45 «Группа Зета»
17.55 Кино«Лучший друг моего мужа»
20.00 «Аналитика»
20.45 «Противостояние»
01.10 «Грешник»
02.55 «Тайны Борго Ларичи»
04.20«Ұшқалақ»

КТК

07.05«Шымкент шоу»
10.30 «Юморина»
12.30«Все равно ты моя»
17.00 «Шәмші әндерінің кеші»
20.00«Кел, Шырқайық!»
21.00 «Дин Дина шоу»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Через беды и печали»
03.30 «Махаббат пен қорқыныш»
04.50 «Кел, шырқайық!»
05.35«Шәмші әндерінің кеші»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
12.00 «Жарқыра»
12.35 «Шашу»
13.15 «Менің анам»
13.30 «Келіп көр»
13.50 «Ұлт ұяты»
14.30 «Мақсатына жеткендер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.30 «Сіз не істедіңіз»
17.00 «Шашу»
17.40 «Сарбаз»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Біздің өңір»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 Өнерпаздар байқауы
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Маша и медведь»
08.30 «TIK TOK show»
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.30«Дерт»
12.00 «Книга жизни»
14.00 «Тачки»
16.10 «Kingsman.Золотое кольцо»
19.20 «Мстители»
22.20 «Турист»
00.30 «Зеро»
02.10 «31 әзіл»
03.30 Tik Tok show
03.50 «1001 әзіл»
04.00 BALA BATTLE
04.30What's up?
05.00 Әзіл студио
05.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.15,18.00«Абысындар-2»
08.00 «Здоровье с Айнур Тажиной»
08.30 «Юморина»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
10.30 «Маска Казахстан»
12.30«В поисках мамы-2»
14.30 «Что это было»
15.00 «Жетінші студия Нартай Аралбайұлы»
16.00 «Жарқыраған жұлдыз»
16.50 Әзіл әлемі
17.30 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
20.30 «Таптым-ау сені»
22.30Динара Сатжан
23.30 «ӘзілMan»
00.40 «Тойхана-2»
01.30 «Келесі кім»
02.30 Қызықты Weekend
03.20 «Жеңіп көр»
04.50 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

"ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА"БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА НЫСАНАЛЫ ЖИНАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДАҒЫ НӘТИЖЕСІ

«Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы аясында «БЖЗҚ» АҚ жыл басынан бері 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жалпы сомасы шамамен **2,8 млн** АҚШ доллары болатын **27 547** өтінішті орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде **тұрғын үй жағдайларын жақсарту** мақсатында **1,5 млн** жуық АҚШ долларына **15 003** өтініш, **білім беру ақысын төлеу** үшін **1,3 млн** жуық АҚШ долларына **12 544** өтініш орындалды. Бұл ретте нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған қалдық сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарына салымды толықтыруға (шамамен 1,5 млн АҚШ долларына 14 512 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) – 16,6 мыңнан астам АҚШ долларына 166 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге -13,7 мың АҚШ долларына 136 өтініш.

Білім алу ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (1 млн астам АҚШ долларына 10 171 өтініш орындалды), білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (173,2 мыңнан астам АҚШ долларына 1 725 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) бір рет біржолғы ақы төлеу (шамамен 55,7 мың АҚШ долларына 555 өтініш орындалды) жүзеге асты. Бұл деректер нысаналы жинақтарды білім алу ақысын төлеуге пайдаланудың жаздың басына қарағанда соңғы екі айда шамамен 2-3 есеге өскені байқатады. Бұл жаңа оқу жылының басталуына және жас түлектердің оқу орындарына түсуіне байланысты болуы ықтимал.

Сонымен қатар, уәкілетті операторлардан бағдарламаға қатысушылардың БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына қаражаттың қайтарылуы да орын алды. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ға тұрғын үйге берілген 1 993 өтінішке сай 198,5 мың АҚШ долларынан астам және білім алу ақысын төлеуге берілген 2 046 өтінішке сәйкес шамамен 200,4 мың АҚШ доллары қайтарылды. Қайтарулар негізінен уәкілетті операторларға 45 жұмыс күні ішінде қажетті құжаттар берілмегендіктен орын алған. Бағдарламаға қатысушылар 10 жыл ішінде нысаналы жинақтарды алуға қайтадан өтініш бере алады, бұл мерзім өткеннен кейін қаражат ерікті зейнетақы шоттарына аударылады.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында беру туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлініндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50% мөлшері жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында теңдей бөлінеді. 2024 жылғы ақпанда БЖЗҚ-да 2023 жылдың қорытындысы бойынша барлық балаларға алғашқы нысаналы талаптар есептеліп, 2024 жылы 18 жасқа толған азаматтардың нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) нысаналы жинақтар (НЖ) есептелді және төлемдер жүзеге асырыла бастады. Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны - **6 919 131 бала** (қоса алғанда, 01.01.2006ж. бастап 31.12.2023ж. дейін туған балалар). Оның ішінде **304 815 қатысушы** 2024 жылы 18 жасқа толады немесе толды (қоса алғанда, 01.01.2006ж. бастап 31.12.2006ж. дейін туған балалар).

Бағдарламаның шарттарымен танысып, нұсқаулықтар мен өзіңізді қызықтыратын сұрақтарға жауаптарды kids.enpf.kz сайтынан немесе БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейінгі және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейнеұсқаулық БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасында төмендегі сілтеме бойынша орналастырылғанын ескертеміз:

https://www.youtube.com/watch?v=HHQNAxfskX8.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДАҒЫ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ2,09 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТІП, ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІНЕН 76 МЛРД ТЕҢГЕГЕ АСЫП ТҮСТІ

2024 жылдың 9 айында қазақстандықтардың таза инвестициялық кірісі шамамен 2,09 трлн теңге болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен ол 716,3 млрд теңге немесе 52,3% артық.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға 2,08 трлн теңге мөлшерінде инвестициялық кіріс түсіп, 1,85 трлн теңге болатын осы жарналар көлемінен асты.

Тек 2024 жылдан бастап аударыла бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша таза инвестициялық кіріс 9,06 млрд теңге болды. Жарналардың бұл түрінен қалыптасқан жинақ көлемі –160,6 млрд теңге.

2024 жылдың 9 айында БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан, ҚР Ұлттық Банкі басқаратын зейнетақы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 5,7% болған кезде 11,22% көрсетті. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ның жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі – 8,87%.

Қордың зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігін қарастырсақ, 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инфляция 8,3% құрағанда ол 12,47% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді үнемі әртараптандырып отырады. Яғни, зейнетақы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Қордың enpf.kz сайтына ай сайын орналастырылатын ҚР Ұлттық Банкінің инвестициялық қызметіне жасалған шолуда, 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша кірістер құралдардың барлық түрлері бойынша алынғандығы көрсетілген.

Ұзақ мерзімді кезеңдегі жинақталған инвестициялық кірістілік те инфляциядан асып түсті. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылғы 1 қазанға өспелі қорытындымен жинақталған кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 803,01% болғанда, 919,3% көрсетті.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын - БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

«БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР»

1) 2025 жылы зейнет жасына қатысты өзгеріс болады ма?

2025 жылы зейнет жасы ерлер үшін де, әйелдер үшін де өзгермейді. Ерлер зейнетке 63 жаста, әйелдер 61 жаста шығады.

2028 жылға дейін әйелдердің зейнет жасы осы деңгейде сақталады, содан кейін зейнетақы реформасы аясында біртіндеп көтеріле бастайды:

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап -61,5 жас;
2029 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жас;
2030 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жас.
2031 жылдан бастап әйелдер үшін зейнет жасының ең жоғары деңгейі – 63 жас болады.
2025 жылы 1962 жылы туған ер азаматтар мен 1964 жылғы әйелдер зейнетке шығады.

4) Балаларымның "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасына қосылғаны туралы ақпаратты қалай тексере аламын?

"Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы шеңберінде баланың нысаналы талаптарға қатысушылар тізіміне енгізілгендігі туралы ақпаратты кәмелетке толмаған тұлғаның ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері kids.enpf.kz сайтынан баланың ЖСН бойынша тексере алады. Онда бағдарламаның шарттарымен танысып, нұсқаулықтар, қызықтырған сұрақтарыңызға жауаптар алуға болады.

Сондай-ақ, ата-аналар әрбір балаға есептелген қаржы туралы деректерді egov.kz порталындағы жеке кабинетінен тексере алады.

2024 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтар нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) түскен қаражатты БЖЗҚ интернет-ресурсындағы және "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы жеке кабинет арқылы дербес тексере алады.

5) Егер балаға "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы талаптар немесе нысаналы жинақтар есептелмесе, не істеу керек?

Егер отандастарымыз баласына "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде қаражат есептелмегенін анықтаса, оның туу туралы куәлігінің немесе жеке куәлігінің болуын, баланың жеке деректерінің дұрыстығын, сондай-ақ, олардың "Электрондық үкімет" порталындағы жеке кабинетінде тіркелгенін тексеру қажет. Құжаттар болмаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға жүгіну қажет. Егер баланың азаматтығы болмаса, анықталмаса немесе дұрыс көрсетілмесе, онда тұрғылықты жері бойынша көші-қон қызметіне жүгіну керек. Қателер түзетілгеннен кейін Ұлттық қордан нысаналы талаптар немесе нысаналы жинақтар және оларға есептелген инвестициялық кіріс өткізіп алған кезеңді ескере отырып, келесі жылы толық есептелетін болады.

?

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОҒАЛЫ АУЫЛЫНДА ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

***Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Қоғалы ауылында «Жанұя» отбасын қолдау орталығы ашылды. Бұл – облыстағы осындай төртінші орталық. Бұған дейін мұндай орталықтар өткен жылы Панфилов, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында іске кіріскен болатын, -* деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

«Жанұя» отбасын қолдау орталығы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әлеуметтік жағынан осал отбасылардың өмір сүру сапасын жақсарту, олардың экономикалық дербестігіне және азаматтардың өмірлік қиын жағдайдан шығуына қолдау көрсету мақсатында жұмыс жасамақ.

Қоғалыда кезінде аудандық емхана болып, кейін біршама уақыт бос тұрған ғимаратқа ағымды жөндеу жұмысы жасалып, құрал-жабдықтары сатып алынған. Оған жергілікті бюджеттен арнайы қаражат қарастырылды. Сөйтіп орталық іске кірісті.

Аталғаннысанның директоры Дәурен Жұмағалиевтің айтуынша, орталықта 15 адамға арналған жатын орын және балалар ойын бөлмесі бар, кір жуатын орын, асхана, тыныңу бөлмесі жан-жақты жабдықталған. Алдағы уақытта мекемеге арнайы көлік беріледі деп күтілуде. Мұнда 19 адам тұрақты жұмыс істейді. Жаңа мекеме толықтай мемлекеттен қаржыландырылады.

– *Бұл орталықта отбасылық жанжалдарды шешуге бағытталған шаралар іске асырылып, қиын жағдайға тап болған адамдарға әлеуметтік, заңдық, психологиялық қолдау көрсетіледі. Тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға бір айға дейінгі мерзімде уақытша тұру мүмкіндігі беріледі. Бұл мекеменің кәсіби мамандары өңірдегі түрлі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелердің оң шешілуіне ықпал етеді деп сенемін, -* дейді Д. Жұмағалиев.

Жергілікті тұрғындар мұндай орталықтардың болғаны дұрыс деп есептейді.

- *Отбасы – мемлекеттің бір бөлшегі. Мемлекет мықты болуы үшін алдымен әр отбасы берік болуы керек. Қазіргі кезде әртүрлі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға байланысты отбасылар, әсіресе жас отбасылар түрлі қиындықтармен бетпе-бет келіп жатады. Ажырасу да жиілеп кетті. Сондықтан дер кезінде отбасыларға қолдау көрсетудің маңызы зор, -* дейді Қоғалы ауылдық округінің ақсақалдар кеңесінің төрағасы Серік Турбеков.

Ендігі ретте өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды ерте анықтау мен қолдауды ұйымдастыру үшін аудан бойынша мобильді топтар құрылады. Мобильді топ құрамында ауыл округтерінің әкімдері, әлеуметтік мәселелер жөніндегі қызметкерлер, білім беру мен денсаулық сақтау салалары және ішкі істер органдарының өкілдері қамтылады, яғни бұл істе барлық сала мамандары бірлесіп жұмыс істейді.

Жалпы Жетісу облысында «Жанұя» отбасын қолдау орталықтары 2023 жылы Панфилов, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында ашылған. Оларға 82 отбасы тіркеліп, психологиялық және әлеуметтік көмектер беріліп, қызмет көрсетілген. Ал биыл Кербұлақ ауданы Қоғалы ауылындағы орталықпен қатар жыл соңына дейін Қаратал, Алакөл аудандарында осындай нысандар ашылады, 2025 жылы Ескелді, Көксу, Ақсу аудандарында ашу

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ «ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ» ЕҢБЕГІ ХАҚЫНДА

ҚАЗАҚ – ҚАЗАҚ БОЛҒАЛЫ «ЕЛІМ» ДЕП ЕҢІРЕДІ, «ЖҰРТЫМ» ДЕП ТЕБІРЕНДІ. ОТАН ҮШІН ТОЛАРСАҚТАН СУ КЕШІП, ОРАҚ АУЫЗДЫ ОТТЫ ТІЛІМЕН ШАРШЫ ТОПТА СӨЗ БАСТАДЫ, ЕЛІ МЕН ЖЕРІН ҚОРҒАП, ҚОЛЫНА НАЙЗА ҰСТАДЫ. СОЛ СЕБЕПТЕН ДЕ ШЫҒАР ШҰРАЙЛЫ ТІЛІМІЗДЕ «АТА ЖҰРТ», «ТУҒАН ЖЕР», «АТА МЕКЕН», «ОТАН» ДЕГЕН СӨЗДЕРДІ ТЕБІРЕНБЕЙ АЙТПАЙТЫН БІР ДЕ БІР ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ЖОҚ-АУ, СІРӘ!

Әбдуәли Туғанбайұлы ҚАЙДАР
Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Академигі. Филология ғылымының докторы,профессор.

Сан ғасырдан бері қазақ жеріне ат басын тіремеген жан болған жоқ та шығар. Олардың барлығыда ең алдымен қазақтың кең пейілділігіне, дархандығына, ауызбіршілігіне тәнті болды десек, артық айтпағандық болар еді. Оған дәлел, сонау 13 ғасырда Батудың қабылдауында болған Рим папасының өкілі Плано Карпини өз жазбаларында былай депті:

«Бұл халық (қазақтар) өз билеушілеріне, о дүниелік болған бабаларының алдында, ел билеген тұлғаларына өте адал болып келеді, бұларда жалған сөйлеп, өтірік айту деген жоқ. Бұл халықтың арасында өзара айтыс-тартыс деген болмайды. Ұрлық-қарлық деген нәрсе бұларда атымен жоқ, сондықтан болар, бұлардың есіктеріне өмірі құлып салынбайды. Бұлардың тіпті малы адасып басқа қораға кіріп кетсе де, оның иесі адасқан малды қайта айдап келеді. Жалпы бұлардың ауызбірлігі, ынтымағы өте берік және тауқыметке өте шыдамды, жолда ашқұрсақ жүрсе де жүзінен күлкісі кетпейтін дарқан, ақжарқын халық».

Адамзат баласының ғасырлар бойғы жинақтаған өмірлік тәжірбиесі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған халқымыздың құнарлы байлығы ол – біздің тіліміз. Ата-бабаларымыздың көрегендікпен айтып кеткен ұлағатты ой-пікірлерін, өсиет-өнегесін халық даналығының қайнар көзі екендігін әлдеқашан мойындағанбыз. Халық даналығы, нақыл сөз, мақал-мәтел, шешендік сөз үлгілері біздің болмысымыздан, салт-дәстүрлерлеріміздан анық байқалады. Оларда айтылатын зерделі ой, ұтқыр шешім, сөз мәйегі мақал-мәтелдер рухани тағылым ретіндегі ұлтымыздың байлығы болып табылады. Халық даналығы атадан балаға мұра болып қалатын ізгілікті іс-әрекеттің де тәлімді үлгісі.

Ғасырлар бойы ұрпаққа ауыздан-ауызға тарап, мәнін жоймай сақталған мақал-мәтелдерден қазақ халқының тұмыс-тіршілігі, дүниеге деген көзқарасы, арман-мүддесі анық байқалады. Мағынасы терең, ойды дәл беруде мақал-мәтелдерді кез келген дау-жанжалдар мен халық арасында шешілмеген мәселелерде орынды қолдануда өзіндік орны бөлек. Қазақ мақал-мәтелдерінің басты ерекшелігі қанша уақыт өтсе де мәнін жойған емес.

Ықылым заманнан тілімізде қолданылып келе жатқан мақал-мәтелдерді зерттеп, зерделеуде еңбек сіңірген белгілі ғалым, академик ұстазымыз Әбдуали аға Қайдар болды. Ғалымның «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» атты еңбегінде: «Мақал-мәтелдер – әрбір халықтың көне де байырғы рухани қазынасы екендігіне көз жеткізіп, екі мыңнан аса қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатын зерттеп, зерделеп, олардың жасалу мотивтерінің тура және ауыспалы мағынадағы қолданыс аясын айқындады.Ғалым «мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы үлкен екі түрлі объективті факторға байланысты. Оның біреуі және негізгісі-***ішкі фактор*** да, екіншісі – ***сыртқы фактор*** деп атап көрсетеді**.** Мақал-мәтелдердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуы әрбір этностық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи процесінінің нәтижесі екендігі анық.

Мақал-мәтелдердің ***ішкі факторларға*** байланысты пайда болуы мен қалыптасуының ең алғашқы себептері мен тәсілдері әр алуан. Солардың ең бастысы:

біріншіден, саналы қауымның өзі өмір сүрген табиғи ортаны, табиғат құбылыстарын танып-білуіне;

екіншіден, тіршілік көзі – еңбек процестерін, кәсіпшілікті меңгеруге, ***үшіншіден,*** адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қыр-сырын терең ұғынуға байланысты болса керек.

Ғалым өзінің «Халық даналығы» атты еңбегінде қазақ тіліндегі барлық мақал-мәтелдерді:

Адамға қатысты мақал-мәтелдер; Табиғатқа қатысты мақал-мәтелдер;

Қоғамға қатысты мақал-мәтелдер деп топтастырады **да,** мақал-мәтелдердің мүмкіндігінше барлығын дерлік жинақтап, этнолингвистикалық талдау жасаған.

Төрт түлік малға, егіншілікке, аңшылыққа, **қолөнерге** байланысты мақал-мәтелдер;

Отанды, туған жерді, өскен елді, атамекенді сүю тақырыбындағы мақал-мәтелдер;

Ерлік, батырлыққа байланысты айтылған мақал-мәтелдер;

Оқу, өнер, білім тақырыбындағы мақал-мәтелдер;

Еңбек тақырыбындағы мақал-мәтелдер;

Ынтымақ, бірлік, татулық туралы мақал-мәтелдер;

Достық, жолдастық туралы мақал-мәтелдер;

Адамгершілік, жақсы-жаман мінез туралы мақал-мәтелдер;

Денсаулық, отбасы, үнемшілдік туралы мақал-мәтелдер.

Мысалы**, адамға қатысты мақал-мәтелдер:**

«Жақсы адам қартайса, жазып қойған хатпен тең, жаман адам қартайса, бықсып жатқан отпен тең» – жақсы адамның бір қасиеті – халық даналығын бойына сіңіріп, өткен-кеткенінің бәрін саралап, жадында сақтап, кейінгі жас ұрпаққа шежіре етіп айтып отырады, жаман адамның бір белгісі – ондай ғибраты жоқ, көрген-білгенін өсек-аяңға айналдырып, барды-жоқты бықсытып отыру [«Халық даналығы», 298 бет].

«Жақсымын» деп, мақтанба мақтанба – халық айтпай, «Батырмын» деп, баптанба – барып қайтпай» – азаматтық қасиетінді ел-жұрт танымай жатып, өзің мақтанғаның жарамайды, соғысқа кіріп, жауыңды жеңіп келмей жатып, «батырмын» деп баптанба [«Халық даналығы, 305 бет»].

Өнерлі бала сүйкімді» – қолынан келмейтіні жоқ, шебер де епсекті бала ел ішінде сүйкімді де, құрметті, өйткені, кешегі қазақ ауылында қолынан өнер тамған бес аспап адамға деген қажеттілік өте жоғары болған.

«Өнерліге өлім жоқ» – қолынан өнер тамған адамның өзі өлсе де, өнері өлмейді, өйткені оның ісін шәкірттері жалғастыра береді демекші

«Сүтпен біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді» – Адамның бойына ананың ақ сүтімен бірге сіңіп, біте қалыптасып кететін жақсы-жаман қасиет, мінез-құлық өле-өлгенше сол адамның өзімен бірге болып, өлгенде сүйегімен бірге кетеді дегенді аңғартады [«Халық даналығы, бет» 482бет]

«Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» – сабырлылық, парасаттылық көрсету әрқашанда сап алтынның өзіне де, сарғая істеген ісіңнің алтынға бергісіз бағалы да игілікті нәтежесіне де қолыңды жеткізеді демекші [«Халық даналығы, 464 бет»].

Табиғатқа қатысты мақал-мәтелдер:

«Сасқан үйрек артымен жүзеді» – істеген ісіңнің, ойлаған ойының бұрыстығын кеш болса да түсінген адамның дереу сол бастаған ісі мен ойын бірден бұзып, кері әрекет жасауы; әрекеттің өзі де өте асып-сасып істегендіктен орынды болуы да мүмкін дегенді аңғартады [«Халық даналығы,467 бет»].

«Жақсы итте өлімтігін көрсетпейді» – халықтың ұғымында: жақсы ит жазатайым қақпанға түсіп, аяғынан кіріптар болса, қасқыр мен аюға таланып мертіксе, жасы келіп қартайса, кінаратқа ұшырап, ауырса, ең алдымен өз дертіне ем болатын шөп іздеп, арық пен өзен-көл жағаларын кезіп кетеді, іздеген ем шөбін тауып жемесе, ол өзінен-өзі ұшты - күйлі жоғалып кетіп, ауылдан алысқа барып, айдалада өледі. Итін жақсы көргендер оның айдаладан өлігін іздеп жүріп тауып алып, жер қазып көметіндері де бар. Бұл мақал кейде ешкімге ауыртпалығын салмай, өзімен-өзі болатын, барлық бейнетті өз басымен көріп, тіпті өлігінің қамын да өз жасап қоятын адамдар жайында да айтылады [«Халық даналығы,300 бет»].

Қоғамға қатысты мақал-мәтелдер:

«Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды» – «Бір киер сырт киім – тонның жағасыз болмайтынындай, өз алдына ел болып, елдігін танытып отыратын халықтың өз ішінде сол ер - жұртты басқаратын, ата-баба салт-дәстүрін сақтауды талап етіп, ақыл-кеңес беретін, жақсысын танып, тентек - телісін тәртіпке шақыратын елдің парасатты ақсақалы, билік айтар ағасы болуы қажет деген сөз» [«Халық даналығы,279 бет»].

«**Ер азығы мен бөрі азығы жолда»** – қазақтың ұлттық танымында сәтті сапарға, жеңістерге бастап апарушы, ұлы айқастарда қолдап жебеуші ата-баба аруағының киелі аң түрінде көрінген рухы, жеңімпаздық символы [«Халық даналығы, 384 бет»].

Қорыта келгенде айтпағымыз, ғалым Ә.Т.Қайдардың «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» атты еңбегі мақал-мәтелдердің өзіндік сыр-сипатын ашып қана қоймай, өз оқырмандарына тіліміздегі мақал-мәтелдердің мазмұнын ашып, жан-жақты түсіндіріп беруі еңбектің баға жетпес құндылығы екендігіне көз жеткіземіз. Кез келген ақын-жазушылардың шығармалары мен шешен сөйлейтін жандар мақал-мәтелдерді көп қолданғанымен өз мәнінде, өз қалпында жұмсаумен қатар, бастапқы мәніне қосымша рең кіргізіп түрлендіреді де, өзінің мақсатты ойына лайықтап қолданады. Адам өміріне қатысты қажетті шешім қабылдағанда қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді орнымен қолданудың маңызы зор.

Болашақ ұрпағына өшпес мұра қалдырған зиялы, ақылгөй адамды «данышпан» дейді. Қандай жағдайда болмасын, қашанда қазақ баласы сөз қадірін түсініп, аталы сөзге тоқтай білген. «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» демекші, саналы ұрпақ тәрбиесінде мақалдар мен мәтелдердің бала тәрбиесіндегі өзіндік берері де мол. Ендеше, ҚР БҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры (1978–1994), құрметті директоры, Ұлы Отан соғысының ардагері, филология ғылымының докторы, профессор Қайдар Әбдуәли Туғанбайұлының **«Халық даналығы** (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)**»** атты еңбегі әрбір қазақтың үйіндегі кітап сөресінен табылатын, сол үйдің бойтұмары боларлықтай кітап деп білемін. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген қағидаға сүйене отырып, ұрпаққа саналы тәрбие беруге мүмкіндігінше өз үлесін қосатын бұл еңбектің ұлтымызды тәрбиелеуде де ықпалы зор.

ШОТА Қарлығаш Нұғманқызы,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОВЕТЫ СПЕЦИАЛИСТА

ФОРМЫ УПРАВЛЕНИЯ ОБЪЕКТОМ КОНДОМИНИУМА

Согласно ст. 42 Закона РК «О жилищных отношениях»собственники квартир, нежилых помещений для управления объектом кондоминиума, финансирования его содержания и обеспечения сохранности общего имущества объекта кондоминиума обязаны выбрать одну из форм управления объектом кондоминиума:

1) объединение собственников имущества (ОСИ);2) простое товарищество многоквартирного жилого дома, если количество собственников квартир, нежилых помещений не превышает тридцати (ПТ);3) непосредственное совместное управление всеми собственниками квартир, нежилых помещений, если количество собственников квартир, нежилых помещений не превышает шестнадцати (НСУ).

Объединение собственников имущества» (ОСИ)- этоюридическое лицо в некоммерческой форме, создаваемое только собственниками квартир и нежилых помещений одного многоквартирного жилого дома, главная цель - это дать собственникам самим управлять своим домом.

Простое товарищество (ПТ)– совместное управление и содержание дома всеми собственниками общедомового имущества на основе гражданского договора. Жильцы дома могут выбрать доверенное лицо, которое будет действовать на основании доверенности, выданной владельцами квартир.

Непосредственное совместное управление (НСУ)-самостоятельное управление объектом кондоминиума, финансирование его содержания и обеспечение сохранности общего имущества объекта кондоминиумасамими собственниками квартир, нежилых помещений.

Для создания ОСИнеобходимо провести собрание жильцов. На данном собрании должны быть подняты самые главные вопросы. Это выбор совета дома, председателя объединения собственников имущества, ревизионной комиссии. При этом совет дома избирается сроком на три года, где должно быть не менее трех человек собственников домов. Председатель объединения собственников имущества избирается только на один год, а члены ревизионной комиссии - на три года. На данном собрании жильцы должны решить самый главный вопрос - выбор формы управления, т.е. это будет ОСИ в виде юридического лица,ПТ или НСУ.

В протоколе отмечаются все нюансы данного собрания. Обязательно должен быть кворум более 51% жильцов, собственников квартирных и нежилых помещений жилого дома. ОСИ должно быть зарегистрировано в органах юстиции по месту нахождения и иметь свой устав.Для регистрации ОСИ в органы юстиции по месту нахождения юридического лица через филиалы НАО ГК «Правительство для граждан» пр едставляются:заявление;протокол собрания;типовой устав;квитанцию об оплате регистрационного сбора в размере 1 МРП.Протокол собрания, листы опроса нужно готовить по типовым формам, согласно Правилам, утвержденным приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития РК №163 от 30.03.2020 года. Листы голосования нужно пронумеровать и прошить вместе с протоколом.

При разработке устава также проще всего взять за основу Типовой устав объединения собственников имущества, который разработан как раз для того, чтобы облегчить жизнь собственникам квартир.Если собственники квартир решили разработать устав своего ОСИ самостоятельно, в него необходимо включить основополагающие нормы Закона РК "О жилищных отношениях".

Шынар АЛДАКЕНОВА,
главный специалист отдела регистрации некоммерческих организаций и контроля в сфере регистрационной службыДепартамента юстиции области Жетісу.

ЗАКОН

О ВНЕСУДЕБНОМ БАНКРОТСТВЕ

Законодательство Республики Казахстан о восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан основывается на Конституции РК и состоит из Гражданского кодекса РК, настоящего Закона и иных нормативных правовых актов. Настоящий Закон применяется к отношениям, возникающим в связи с неплатежеспособностью гражданина Республики Казахстан, не зарегистрированного в качестве индивидуального предпринимателя.Законодательство о банкротстве физических лиц предусматривает три процедуры банкротства, это внесудебное банкротство, судебное банкротство и восстановление платежеспособности.

Необходимо отметить, что все три процедуры инициируются только самим должником, то есть кредитор не имеет право подавать на банкротство должника. Мы в сегодняшней статье дадим информацию о внесудебном банкротстве. В частности, процедура внесудебного банкротства - процедура, осуществляемая в отношении должника во внесудебном порядке с целью прекращения обязательств перед банками второго уровня, организациями осуществляющими отдельные виды банковских операций, организациями осуществляющими микрофинансовую деятельность, или коллекторскими агентствами.Т.е. внесудебное банкротство можно применить исключительно по долгам перед банками, МФО и коллекторскими агентствами.

Основаниями для подачи в уполномоченный орган заявления о применении процедуры внесудебного банкротства являются наличие обязательств, не превышающих 1600-кратного размера месячного расчетного показателя (5,5 млн. тенге), установленного законом о республиканском бюджете и действующего на дату подачи заявления, и соответствие в совокупности следующим условиям:1) отсутствие на праве собственности имущества, включая имущество, находящееся в общей собственности;2) на дату подачи заявления, в течение 12 последовательных месяцев, у него должно отсутствовать погашение по обязательствам перед кредиторами, коллекторами;3) в отношении должника проведены процедуры по урегулированию или взысканию неисполненных обязательств по договору банковского займа и (или) договору о предоставлении микрокредита;4) неприменение процедуры внесудебного или судебного банкротства в течение 7 лет на дату подачи заявления.

К внесудебному банкротству также могут обратиться заемщики-физические лица, которые не погашали свою задолженность более 5 лет на дату подачи заявления. При этом перечисленные условия к такому должнику не применяются.Также, должник, являющийся получателем адресной социальной помощи (АСП) на протяжении шести месяцев, может подать заявление на применение данной процедуры без учета срока просрочки.

После применения данной процедуры должнику присваивается статус «банкрот». Заявление подается через веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz. Посредством информационной системы, которая в настоящее время тестируется, будет проводиться автоматическая сверка с данными заинтересованных государственных и иных органов на предмет соответствия должника необходимым критериям.

К заявлению прилагаются список кредиторов с указанием их наименования, суммы задолженности, места нахождения; копия документа, подтверждающего принятие должником мер по проведению урегулирования и (или) взыскания задолженности по договору банковского займа и (или) договору о предоставлении микрокредита.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского городского суда.

ЗДОРОВЬЕ

«МЕХАНИЗМ ОБРАЗОВАНИЯ ВИНТООБРАЗНОГО ПЕРЕЛОМА ТРУБЧАТЫХ КОСТЕЙ»

В тех случаях, когда повреждение трубчатой кости возникает при кручении ее вокруг продольной оси диафиза, образуется характерный для этого механизма так называемый спиральный перелом. Эксперименты (В.И. Добряк и А.Я. Криштун) и последующие наблюдения показали, что при кручении нарушение целости кости возникает в диафизарно-метафизарной части, иногда распространяясь на эпифиз. Переломы здесь могут быть безоскольчатые, либо оскольчатые, где наряду с двумя крупными обломками (проксимальным и дистальным) образуется один или два осколка диафиза. При присоединении к ротации элемента сгиба может сформироваться осколок за счет смещения\ продольной линии развертывания в динамике разрушения кости. По характеру винтообразной линии перелома можно установить направление вращения путем восстановления (мысленно) к ней перпендикуляра, который соответствует направлению вращения этой части кости. В задачу экспертов медико-криминалистического отделения входит обязательное определение механизма полученной травмы, в частности переломов костей скелета. При установлении механизма перелома костей скелета можно с достоверностью отработать предлагаемые версии, то есть при каких обстоятельствах получен данный перелом. В нашем случае у потерпевшего С. имел место закрытый винтообразный оскольчатый перелом нижней трети правого плеча со смещением костных отломков и невритом лучевого нерва. Для определения экспертами лаборатории механизма образования данного перелома следователем были предоставлены материалы дела с протоколом проверки и уточнения показаний на месте, где указано, что: «…санитары мед. Вытрезвителя завели С. в изолятор, где применив физическую силу, он был усажен на одно из усмирительных металлических кресел, при этом один из санитаров удерживал С. сзади за шею, второй привязывал его правую руку к подлокотнику усмирительного кресла. Пытаясь вырваться С. оказался на коленях на полу изолятора у кресла, при этом, правая рука была привязана к креслу в районе кисти…», а также запись на DVD диске, где потерпевший С. показывает процесс фиксации его правой верхней конечности в смирительном кресле. Из объяснительных санитаров данного медицинского учреждения известно, что: «…Когда С. стал снимать с себя свитер он, не удержавшись на ногах, упал, мы помогли ему подняться и он начал жаловаться на боль в руке и обвинять в этом нас…». Из протокола осмотра места происшествия: «…Комната изолятора размером 3,5х2 м, основание т.е. пол данной комнаты деревянный. Посреди данной комнаты на расстоянии 50 см друг от друга расположены два металлических усмирительных кресла, на подлокотниках которых имеются брезентовые ремни. Вышеуказанные кресла прибиты к полу…». Учитывая все вышеизложенное, судебно-медицинские эксперты пришли к выводу, что у гр. С. имел место закрытый винтообразный оскольчатый перелом нижней трети правого плеча со смещением костных отломков и невритом лучевого нерва. Механизм образования данного перелома складывается из моментов кручения и изгиба правой верхней конечности, что не противоречит показаниям потерпевшего С. и не мог образоваться от падения.

Список использованной литературы: 1. «Судебная медицинская экспертиза скелетированного трупа» В.И. Добряк. Государственное медицинское издательство УССР. Киев – 1960 г. 2. «механика и морфология переломов» В.Н. Крюков. Москва «Медицина» 1986 г.

ЖАКАШБАЕВА Алмагуль,
руководитель общеэкспертого отделения Лаборатории судебных экспертиз по области Жетісу МЦСЭ по ЮВР ФРГКП ЦСЭ МЮ РК.

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ПО ПРИНЦИПАМ ПРОЗРАЧНОСТИ, ГЛАСНОСТИ, ДОСТУПНОСТИ

Одной из процессуальных гарантий справедливого и демократического правосудия признается возрастание роли принципов открытости, прозрачности, гласности, публичности, доступности судопроизводства. В процессе совершенствования системы правосудия в основу ставятся принципы правосудия, предусмотренные Конституцией Республики Казахстан, то есть принципы, обеспечивающие общие условия реализации прав и обязанностей участников процесса. В связи с этим, применение новых технологий должно рассматриваться как альтернативная форма организации осуществления правосудия, возможность граждан и непосредственных участников судебного процесса осуществлять предусмотренные законодательными актами права и обязанности. Так, к примеру, подача в суд документов в электронной форме, доступ к судебной информации, судебные извещения, онлайн участие в судебном заседании оборот судебных документов.

Практика показывает, что в последнее время получение достоверной, объективной информации о работе судов и о делах, ставших предметом судебного разбирательства, не является острой проблемой для участников процесса, других заинтересованных лиц, всех желающих. Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений. Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда http://www.sud.kz. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись.

Ержан БАЙМУЛДИНОВ,
главный специалист специализированного административного межрайонного суда области Жетісу.

ПОРЯДОК ПОДАЧИ ИСКА

СОБЛЮДЕНИЕ НАДЛЕЖАЩЕЙ ФОРМЫ ИСКОВОГО ЗАЯВЛЕНИЯ

Соблюдение надлежащей формы искового заявления - одно из важных условий осуществления права на предъявление иска. Исковое заявление подается обязательно в письменном виде и должно содержать определенные реквизиты, указанные в статье 150 Гражданского процессуального кодекса РК.

Таким образом, наряду с тем, что в исковом заявлении должны содержаться общие для всех категорий дел сведения, его содержание должно отражать специфику спора, подлежащего разрешению. В нем, независимо от характера спора, должно быть указано наименование суда, в который подается исковое заявление, а затем обозначены все необходимые сведения об истце (ф.и.о., место регистрации и фактического проживания, телефон, а, в необходимых случаях - год рождения). Такие же сведения должны содержаться и об ответчике.

В частности, необходимо четко указать обстоятельства, на которых истец основывает свое исковое требование к ответчику, а также доказательства, подтверждающие обстоятельства, изложенные истцом в обоснование своих требований. Если же одной из сторон является организация, то, помимо точного наименования в соответствии с зарегистрированным уставом, должно быть указано и место её нахождения.

Надо отметить, что важное значение имеет точное изложение того материально-правового требования истца к ответчику, которое составляет предмет иска. Исковое требование определяется характером спорного правоотношения, из которого вытекает требование истца. По существу просьба истца, реализованная в виде этого требования, и составляет просительный пункт искового заявления. От того, насколько четко и юридически грамотно сформулировано исковое требование, зависит и уяснение позиции, занимаемой истцом. В связи с этим закон подчеркивает, что истец в исковом заявлении должен указать, в чем заключается нарушение или угроза нарушения прав, свобод и законных интересов истца и его требования.

Вместе с тем, в исковом заявлении могут содержаться сведения о номерах телефонов, факсов, адреса электронной почты истца, его представителя, ответчика, иные сведения, имеющие значение для рассмотрения и разрешения дела, а также излагаться ходатайства истца.

АйданаЖАКАШЕВА,
главный специалист СМЭС Алматинской области.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БОКС

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ БОКСТАН ҮШ ДҮРКІН РЕСЕЙ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Этникалық қазақ Салтанат Меденова бокстан үшінші рет Ресей чемпионы атанды. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ Ресей бокс федерациясының ресми сайтына сілтеме жасап хабарлайды.

Омбы облысының намысын қорғаған Салтанат Меденова 81 кг салмақ дәрежесінде алтын медаль еншіледі. Ол финалда краснодарлық Анастасия Демурчяннан басым түсті.

"Әлем чемпионы Анастасия Демурчянмен өткен финалдық жекпе-жек ең ауыр айқастың бірі болды. Психологиялық жағынан біраз қиындыққа түскенімен, рингке шыққаннан кейін жеңілдеп сала бердім. Анастасияның менің салмағыма өткенін білдім. Сондықтан оған дайындалдым. Мен үш дүркін Ресей чемпионы атандым. Тезірек үйге жетіп, туыстарымды, анамды құшақтағым келеді",- деді Меденова.

Ресей біріншілігіне 48 өңірден 172 спортшы қатысты. Бірінші орын иегерлеріне 1,5 млн рубль (7,5 млн теңге), екінші орынға 250 000 рубль (1,2 млн теңге), ал үшінші орынға 125 000 рубль (631 мың теңге) сыйақы берілген.

Салтанат Меденова осымен үшінші мәрте Ресей чемпионы атанып отыр. Сондай-ақ ол биыл халықаралық БРИКС ойындарында алтыннан алқа таққан болатын.



КӘСІПҚОЙ БОКС

МАЙК ТАЙСОННЫҢ БЛОГЕРМЕН ЖЕКПЕ-ЖЕГІНДЕГІ ТАБЫСЫ

Аты аңызға айналған боксшы 58 жастар Майк Тайсонның блогер Джейк Полға қарсы жекпе-жектен қанша табыс тапқаны белгілі болды. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ The Mirror US басылымына сілтеме жасап хабарлайды.

Дереккөздің мәліметінше, Майк Тайсон бұл жекпе-жектен 20 миллион АҚШ долларын (9 миллиард 972 миллион теңге) иеленген. Ал оның қарсыласы Джейк Пол екі есе – 40 миллион АҚШ долларын (19 миллиард 944 миллион теңге) қанжығасына байлаған.

Сондай-ақ Netflix платформасының тікелей көрсетілімі арқылы түскен бонустар да Майк Тайсон мен Джейк Пол қосымша қаражат еншілейді Естеріңізге сала кетейік, Майк Тайсон Арлингтонда (АҚШ) өткен бокс кешінде отандасы, блогер әрі кәсіпқой былғары қолғап шебері Джейк Полмен жұдырықтасты. Сегіз раундқа созылған кездесуде Пол төрешілердің шешімімен (80-72, 79-73, 79-73) жеңіске жетті. Сондай-ақ Майк Тайсон 2005 жылдан бері алғаш рет кәсіпқой бокста жекпе-жек өткізіп, жеңіліске ұшырады.

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

«БАРЫС» ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСАДЫ

ҚҰРЛЫҚТЫҚ ХОККЕЙ ЛИГАСЫ (ҚХЛ) АЛҒАШ РЕТ 3Х3 ФОРМАТЫНДАҒЫ ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗЕТІНІН РЕСМИ ТҮРДЕ ЖАРИЯЛАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ BASSPORT.KZ

Бұл жаңа формат хоккейдің дамуындағы келесі қадам ретінде бағаланып отыр. Әлемдік деңгейде танылған 3х3 жақын арада Қысқы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енуі мүмкін. ҚХЛ осы форматты кәсіби хоккей клубтары базасында ұйымдастырған алғашқы лига атанып отыр.

Алғашқы маусымда үш елден сегіз ҚХЛ командасы қатысады. “Барыс” командасы “Авангард”, “Металлург” және “Салават Юлаевпен” кездеседі. Екінші дивизионда “Ак Барс”, “Динамо” (Минск), “Сибирь” және “Трактор” бақ сынайды.

Чемпионаттың тұрақты маусымы 2024 жылдың желтоқсан айынан 2025 жылдың маусымына дейін жалғасып, барлығы 312 матч өткізіледі.

ФУТБОЛ

"АСТАНА" – "ЧЕЛСИ" ОЙЫНЫ АЛМАТЫДА ӨТЕДІ

"Астана" футбол клубының маркетинг және қоғаммен байланыс жөніндегі директоры Қайсар Бекенов елордалық клубтың УЕФА Конференция лигасы аясында "Челсиге" қарсы ойыны Алматыда өтетінін мәлімдеді. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ Metaratings.kz сайтына сілтеме жасап хабарлайды.

"Өкінішке қарай, жағдай осылай болды. Көшпенділер ойындары мен УЕФА регламентінен айналып өте алмаймыз. Бастапқыда бұл туралы ескерткен болатынбыз – ойынды Астанаға ауыстыру ықтималдығы аз еді.

Регламент бойынша УЕФА Конференция лигасының топтық кезеңіндегі өз алаңымызда өтетін барлық матч бір стадионда өтуі керек. Ал кей ойындарды форс-мажор жағдайында резервтегі стадионда өткізуіміз мүмкін болған. Осы мәселе бойынша УЕФА-мен бірнеше рет келіссөз жүргізіп, федерация да бұл бағытта қолдау көрсетті.

"Астана Аренадағы" алаң – жасанды, оған арнайы сертификаттау қажет. Ал сертификаттаудың уақыты дайын боламын дегенше, ойынның да уақыты жақындап келеді. Сондықтан "Витория" және "Челси" матчтарын Астанада өткізу енді мүмкін емес деп айтуға болады. Ресми түрде ойын Алматыдағы Орталық стадионда өтеді деп айтамыз", - деді Қайсар Бекенов.

Айта кетейік, "Астана" мен "Челси" арасындағы ойын 12 желтоқсанда өтеді. "Астана" УЕФА Конференция лигасының жалпы кезеңінің бірінші матчында "ТСЦ Бачка-Топола" командасына қарсы ойын өткізіп, 1:0 есебімен жеңіске жеткен еді. Ал екінші матчта сырт алаңда Уэльстің "Нью-Сейнтс" командасынан 0:2 есебімен жеңіліс тапты.

ӘЖУАЛАҒАНЫ ҮШІН 100 МЫҢ ФУНТ АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

Ағылшынның "Тоттенхэм" және Уругвай құрамасының жартылай қорғаушысы Родриго Бентанкур өз клубындағы оңтүстік кореялық әріптесі Сон Хын Минді әжуалағаны үшін жеті матчқа шеттетіліп, 100 мың фунт айыппұл арқалады, деп хабарлайды Zakon.kz.

Англия футбол қауымдастығының (FA) баспасөз қызметі хабарлағандай, уругвайлықтың әзілі нәсілшілдік алауыздық бабымен бағаланған.

27 жастағы Бетанкурт АПЛ-дың алты матчына, сондай-ақ ағылшын футбол лигасы кубогының ширек финалына қатыспайтын болды. Бірақ бұл шешім Еурокубок ойындарын қамтымайды.

Родриго тек 26 желтоқсанда ғана құрама сапына орала алады. Алайда, бұл шеттету УЕФА Европа лигасының матчтарына қатысты қолданылмайды. Ол кезде Тоттенхэм 28 қарашада өз алаңында итальяндық Ромамен ойнайды.

Сонымен қатар, уругвайлық 12 желтоқсанда Глазго Рейнджерспен (Шотландия) арада өтетін матчта алаңға шыға алады.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҚҰРЫЛЫСШЫ ҚАЛАҒЫН ҚАЛАМҒА АЙЫРБАСТАП...

(естелік-эссе)

«Завод КПД» аталатын Талдықорған ірі панельді үй құрылысы заводын салуға бастан аяқ қатысып, «жоспар - жоспар» деп аттандасып, айқайласып жүріп пайдалануға бердік - ау...

Басқы кезде бетоншы, звено жетекшісі, бригадир, сәл кейін құю цехының мастері болып еңбек етіп жүрген кезім. Оның сыртында осы Талдықорған қаласындағы құрылыс техникумының кешкі бөлімінде оқитын «білдей» бір студентпін. Заводтың күндізгі алашапқын жұмысынан шыға салысымен, жеке машина түгіл, баспанасы жоқ мен байқұсты, әйтеуір абырой болғанда, заводтың «служебный» автобусы «хутордағы» үйіме жақын жол бойына тастап кетеді. Енді көлденеңінен көсіліп жатқан кедір - бұдыр тас төселген екі көшеден өтіп, орыс кемпірден жалға алып тұрып жатқан «времянкамызға» қарай қанатсыз-ақ құстай ұшам. Ия, ол кезде баспанасыз қазақтарды уақытша болса да панасыздықтан құтқаратындар – тілеуің бергір, «өзіміздің» орыс, неміс, кәріс пен ұйғыр кемпірлер еді ғой... Кіре беріс - кәридорды қоспағанда, бір бөлмелі, шешен Жиренше атам айтпақшы, «кең сарайдай боз үйіме» бірдеңеден құр қалғандай, жүгіре - жүгіре келіп кірем. Асыға-үсіге екі-үш шыны шайды іше салып, енді «хуторға» қатынайтын «семерка» автобусының аялдамасына жүгіремін. Өйткені, сабақтан қалуға, кешігуге болмайды. Мектеп қабырғасынан қалаға «арман қуып» аттанғанымма жиырма жылдай уақыт өтіп, мектепті ойдағыдай тәмамдағаныммен, қазіргі кезде оқуға «қарайып» қалған менің басымдағы білім деңгейімнің шама - шарқы өзіме белгілі ғой. Сондықтан, ұстаздардың: «сабаққа дайындығың нашар, онымен қоса ылғи кешігіп жүресің» деген сөзден қашып, неғұрлым өз уақытында жетуге тырысып бағамын. Әйтеуір, абырой болғанда, техникумда оқу қазіргі сияқты ақылы емес, «бесплатно». Әгәрәкім, оқу «платный» болса, өмірінде еш жерде жұмыс жасап көрмеген, тілеуің бергір, әйелім, әлі мектеп жасына жетпеген екі балам – қызым Қарлығаш пен ұлым Айдын, ол аз болса, ай сайын қаза қылдырмай, бұғалтерия арқылы 33 % алимент төлейтін менің күнкөрісім қандай боларын көз алдыма келтірудің өзі – ұйқыдан шошып оянардай қорқынышты...!

...Ия, не себептен екенін қайдам, талайдан бері, әсіресе кейінгі кезде қолыма қалам

алғым келеді де тұрады. Қалай, нені жазу керек екендігін өзім де білмеймін, әйтеуір, бірдеңе жазуды өз-өзімнен қалап, түні бойы мазасызданып, шалық шалған адамдай шала ұйықтап шығатын болып жүрмін. Кейде, тіпті, түсімде классик жазушы болып кеткен екем деймін, том - том болып шыққан кітаптарыма айбақтата қолтаңба жазып, ағайын - туған, дос - жарандарға «бесплатно» таратып жүремін...

«Очерк» жазып әкелдім...

Сонымен қойшы, бір күні «нартәуекел» деп, қолға қалам алудың жөні келді. Тәуекелге бел байлаған бұл күн 1985 - жылдың көгілдір көктемінің 22 - сәуірі еді. Дәлірек айтсам «күн көсемім» - қасқабас Ленин «бабамның» туған күні. Міне, сол «великая-ұлы датаға» орай, Сәбет кезіндегі дәстүр бойынша өткен коммунистік сенбіліктен соң, өзім еңбек ететін заводтан шағын «бірдеңе» жаздым. Түні бойы неше жазып, неше жыртып, әйтеуір, өйтіп - бүйтіп құрастырған шимайымды алып, құдайдың ақ таңы бозарып атысымен, облыстық «Октябрь туы» газетіне тарттым. «Қолыма қалам алып, ғұмырымда газетке материал жазып көрмеген менің ол шимайым – қай бір шекесі қызып тұрған дүние дейсің» деген дүдәмал ой мен күдігім де көкейімде көлденеңдей ме, қалай...

Редакция ғимаратының дәліз бойымен жәйлап жүріп келіп емен есіктің жоғары маңдайшасындағы «құрылыс, транспорт және байланыс бөлімі» деп жазылған тақтайшаға көзім түсті.

Бисмилләһи рахмани рахим! Есікті қағып, ішке жасқана кірдім. Төрдегі үстел басындағы ақшулаң өңді, прәпессірлердікі сияқты қоңырқай мүйіз жиекті көзәйнек киген орта бойлы, арықша келген иман жүзді жігіт ағасы:

-Төрлетіңіз – деп, көнелеу орындықты мен тұрған тұсқа жылжытты. – Келген шаруаңызды айта отырыңыз. Мен осы бөлімнің меңгерушісі Кемал Құсайынов деген азамат боламын.

Сасқалақтағаным ба екен, аты-жөнімді айтып өзімді таныстыруды да ұмытып кетіппін:

- КПД заводынан очерк жазып әкеліп едім.

Мәссаған! «Материал» деген сөзді жаңылып «очерк» деп қойып қалдым. Әйтпесе, очерк дегенің кейбір кәсіби журналистің тісі бата бермейтін күрделі жанр екендігінен хабарым бартын.

...Кемалым оқушының шақпақ жолды бір парағына жазылған «очеркімді» қолына алып оқып отыр, шұқшиып әлі оқып отыр.

«Бір параққа осынша қадалғанына қарағанда, қазір «материал жариялауға келмейді» деп айтатын шығар» деп, ине үстіне құйрық басқандай қипақтап отырмын. Сол ойдан пысынап, ет жемесем де, өне-бойым сорпа ішкендей терлеп кетті. Бір уақытта:

- Сәке, бұрын мақала жазып көрмесеңіз де, жазуға икеміңіз бар екендігі білініп тұр. Бұл, әрине, очерк емес, хабар. Орыс тілінде мұны информация – деп атайды. Бұл тірлігіңізді орта жолда тастап кетпесеңіз, түбі сізден журналист шығады, - дегенде барып «уһ» деп кеуде кере демалдым. Соны байқап қалған Кемалым жылы жымиып қойды. Біраз ақыл - кеңестерін айтып, қоштасарда:

- Газет, журналдарды көбірек оқыңыз. Сөйлем құрылымына, астарлап айтылған ойларға мән беріп, статистикалық цифрларды көбірек пайдаланыңыз – деп, жылы шыраймен шығарып салды.

Кемалым уәдесінде тұрып, 2-3 күннен соң әлгі шимайымның мұртын күзеп, әдемілеп түзеп, кәдімгі хабар етіп басып шығарды. Бәрекелді! Аяқ астынан, оқуын бітірмей-ақ «журналист» болып шыға келдім. Сол дәрежеме риза болғаным ғой, бейне бір роман жазып тастағандай, хабарды күніне бірнеше рет оқимын.

...Кейіннен өзімнің журналистік ұстазым санаған – Кемалдың сонша уақыт үйреткенін қайтейін, бірдеңені жазуды бастаған болам, кібіртек - кібіртек еткен ол шимайым көңілімнен шықпайды. «Образец» етіп алдыма қойған газет - журналдарды оқысам - ондағы жазулар майлап қойған қалайы қасықтай зырылдап тұр. Ақ таңертеңнен неше жазып, неше сызып, жазғандарымды жыртып тастап, «итшілеп» отырғанымда, жар дегенде жалғыз жарым - Биғайша жанымма келді.

- Ой, құдай-ай, басыңды босқа қатырмасаңшы. Немене, аяқ астынан, оқуын оқымай журналист болып кетем деп отырсың ба? Таста бұл әлегіңді. Қазақта: «Болатын бала - бесігінен» деген тәмсіл бар. Әне, өзің: «Менімен бір сыныпта оқыған Қанат Асқаров досым мектепте жүргенде өлең жаза бастаған» дейсің. Бала кезінен жазуды бастап, университетте оқып журналист болды. Қырық жастағы саған (ол кезде мен бар - жоғы отыз сегіз жаста едім) енді қайдағы журналистік...

- Не, сен менің алдыма шығып келдің бе? Болам, журналист түгіл, жазушы болам. Көресің, дәлелдеймін осы сөзімді...

- Өзің білші, журналист, жазушы түгіл, профессор бол...

...Әйелімнің осы сөздері маған тіпті қамшы болды. Заводтағы кезек жұмысымнан келісіммен өзімше «жазуға» отырамын. Бір жазамын, бір сызамын, жыртамын. Әйтеуір, бала кезден бойға қалыптасқан намысқойлық қасиетім бар, әйтеуір жазудан шағылмадым. «Ұра берсең – шайтан да өледі» екен. Бірте – бірте, лағып, жан – жаққа қаша жөнелетін жазуым өзіме бағынып, жөнге келе бастады. Басқа кезде «соқыр көргенінен жазбас» демекші, тек өзіме етене таныс - құрылыс, өзім жұмыс жасап жүрген завод өмірінен ғана хабар жазып жүрдім. Біраз төселе келе, басқа сала тақырыптарын да ебіне келтіріп «жәркөмдей» бастадым...

Ол кезде газеттің бас редакторы соғыс ардагері, ұлтжанды абзал азамат Ғайыс Егембердиев аға еді. Арада 1-2 жыл өткен соң бас редактор болып, арықша келген, бір қарағанда қараторы өңі суықтау көрінетін Тұрсын Әбдуалиев деген аға тағайындалды.

Ғабдул - Сәбит ЮСУПОВ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қаратал ауданының құрметті азаматы.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Айдана ЕРЖАН

Жұлдызай ӘБДІКЕРІМ

Адина ЖАЙМАҒАМБЕТ

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Зарина БЫЖЫБЕК – корректор

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 1211
Индекс 15534